

№6, 2022 МАҒЫСЫМ



1925 ЖЫЛДЫҢ ТАМЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒЫП КЕЛЕТІН

# ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕБІ



ISSN  
0206-3409



## СЕГІЗІНШІ СӨЗ

Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды?

Біреу – болыс, біреу – би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді. Олар өздері де үздік кісіміз, өздеріміз біреуге үлгі беріп, ақыл айтарлықпыз деп сайланды. Өздері түзеліп жеткен, енді елді түзерлігі-ақ қалған. Ол не кылып тыңдасын және тыңдайын десе де, қолы тие ме? Басында өзіндік жұмысы бар: ұлығымызға жазалы болып қаламыз ба, елдегі бұзақыларымызды бүлдіріп аламыз ба, немесе халқымызды бүлдіріп аламыз ба, яки өзіміз шығымдап, шығынымызды толтыра алмай қаламыз ба? – деген ебіне қарай біреуді жетілтейін деп, біреуді құтылтайын деген бейнетінің бәрі басында, қолы тимейді.

Байлар, олар өздері де бір күн болса да, дәулет қонып, дүниенің жарымы басында тұр. Өзінде жоқты малыменен сатып алады. Көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, адамдық, ақыл, ғылым, білім – ешнәрсе малдан қымбат демейді. Мал болса, құдай тағаланы да паралап алса болады дейді. Оның діні, құдайы, халқы, жұрты, білімі, ұяты, ары, жақыны – бәрі мал. Сөзді қайтіп ұқсын, ұғайын десе де, қолы тие ме? Ол малды суармақ, тойғызбақ; саудасын жиғызбақ, күзеттірмек, бақтырмақ, ұрғы-бұрғы, қыс, суық-суғанак – солардан сақтанбақ, солардан сақтарлық екісін титік. Оның бәрін жайғастырып, аяғын алып келіп мақтанға орналастырғанша қашан? Қолы тимейді.

Енді ұры-жалым, сұм-сұрқия өздері де тындамайды.

Онша-мұнша қой жүнді қоныршалар күнін де көре алмай жүр. Аналар анадай болып тұрғанда, білім, ғылым, ақылды не қылсын? Және де білім, ғылым кедейге керегі жоқтай-ақ: «Бізді не қыласың, ана сөзді ұғарлықтарға айт!» дейді. Оның өзгеменен ісі жоқ, ана алдындағы үшеуіндей болған жанның ойында ешбір қайғысы, мұңы болмаса керек.

Журнал 1925 жылдан бастап шығады

# ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕБІ

№6 (1157),

2022

МАУСЫМ

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛЫ

ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РК

*Журнал Кеңес Одағы Жоғарғы Кеңесі Президиумының өкімімен 1975 жылы  
“Құрмет белгісі” орденімен, 1985 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің  
Құрмет грамотасымен марапатталған*

Бас редактор – Сания БЕКТЕНҒАЛИЕВА,  
*педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚР білім беру ісінің үздігі,  
«Ы. Алтынсарин» төсбелгісінің иегері, ҚР журналистер одағының мүшесі*

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

АЛАУХАНОВ Е.О. – з.ғ.д., профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,  
заңгер-жазушы

АНДРИЕНКО Е.В. – п.ғ.д., профессор, академик (Новосибирск)

АННАМУРАТОВА С.К. – п.ғ.д., профессор (Ташкент)

БАХИШЕВА С.М. – п.ғ.д., профессор (Батыс Қазақстан инновациялық-  
технологиялық университеті (Орал)

ЖАЙТАПОВА А.А. – п.ғ.д., профессор (Абылай хан атындағы ҚХҚ және ӘТ уни-  
верситеті)

ЖОЛДАСБЕКОВА С.А. – п.ғ.д., профессор (М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қа-  
зақстан университеті)

ЖҰМАБЕКОВА Г.А. – п.ғ.д., профессор (Абылай хан атындағы ҚХҚ және ӘТ  
университеті)

КУЛЬМАНОВА Ш.Б. – п.ғ.д., (Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық универси-  
теті)

ҚҰСАЙЫНОВ А.К. – п.ғ.д., академик, Педагогикалық ғылымдар академиясының  
президенті

МЕЛЬНИК Г.С. – ф.ғ.д., профессор (Санкт-Петербург)

НАҒЫМЖАНОВА Қ.М. – п.ғ.д., профессор (Астана университеті)

СӘРСЕКЕЕВ Ж.Е. – п.ғ.д., профессор (медуниверситет, (Қарағанды)

ТАУБАЕВА Ш.Т. – п.ғ.д., профессор (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ)

ТҰРҒЫНБАЕВА Б.А. – п.ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚҰМПУ)

ҰЗАҚБАЕВА С.А. – п.ғ.д., профессор (Абылай хан атындағы ҚХҚ және ӘТ уни-  
верситеті)

## РЕДАКЦИЯ:

Техникалық редактор – Құлдыбаева Мәдина

Оператор беттеуші – Сатаева Сауле

## МАЗМҰНЫ

### БІЛІМ ЖҮЙЕСІ: ІЗДЕНІСТЕР, ИГІ ІСТЕР

- Ақтоты Муканғалиева.** *Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың тиімді менеджменті* ..... 3
- Алия Абдукалимова.** *Etymological Classification of Phraseological Units* ..... 10
- Балауса Манап.** *Қазіргі ағылшын тіліндегі ауызша стилистикалық бірліктердің аспектілері* ..... 13
- Assiya Kupeshova, Assiya Makhanova.** *Innovative teaching strategies for boosting student engagement* ..... 17

### ТӘЖІРИБЕ

- Айнагул Изтурганова, Гүлбақыт Бекқалиқызы.** *Бұзаушық – қолдан жасалатын сабын* ..... 21

### ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

- Гульназ Торсыкбаева.** *Өз ісіне берілген ұстаз* ..... 24
- Раушан Слямжанова.** *Мектептің жаны – мұғалім* ..... 26
- Кәмилә Қасенова.** *Учитель с большой буквы* ..... 28
- Молдир Байгельдина.** *Тамаша тарихшы, ұлағатты ұстаз* ..... 30
- Балым Стамбекова.** *Қазақ мектебінің іргесін қалаушы* ..... 32
- Дина Садвақасова.** *Психология өмірінде және кәсібінде де...* ..... 36

### КІТАПТАНУ

- Мирамгул Набидоллаева.** *Кітап оқу – рухани кемелденудің көзі* ..... 39
- Ұлмекен Ужраева.** *Өмірді толғаған қаламгер* ..... 42
- Клара Қаражанова.** *Құлақтан кіріп бойды алар* ..... 45



## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДЫ БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІ МЕНЕДЖМЕНТІ

Актоты МУКАНГАЛИЕВА  
«Нұрбөбек» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі  
Атырау облысы, Мақат кенті, Қазақстан

**Ұ**йым – ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін құрылған және қызметтері үйлестірілген түрде бірге жұмыс істейтін адамдар тобы. «Ұйым» терминінің анықтамасы салыстырмалы түрде қарапайым болғанымен, менеджмент концепциясын түсіндіруде едәуір күрделі ұғымдардың бірі болып табылады. Бұл ұғымның мағынасын кеңірек түсіну үшін оны ресурстар тұрғысынан қарастырған жөн. Жалпы барлық ұйым қоршаған ортадан ресурстардың төрт негізгі түрін пайдаланады: адам, қаржы, материалдық және ақпараттық ресурстар. Адам ресурстары басқару таланты мен еңбектен тұрады. Қаржы ресурстары – ұйымның ағымдағы және ұзақ мерзімді операцияларды қаржыландыру үшін пайдаланылатын капиталы. Материалдық ресурстар (білім беру ұйымдары үшін) ұйымның нысандары мен жабдықтарынан құралады. Ақпараттық ресурстар – тиімді шешім қабылдау үшін қажетті пайдалы деректер. Басшылар ұйымның мақсатына қол жеткізу үшін түрлі ресурстарды біріктіру мен үйлестіруге жауап береді.

«Менеджмент» сөзі ағылшын тілінің management, яғни аудармасы басқару, басшылық ету дегенді білдіреді. Біздің тілімізде көпшілік жағдайда басқару сөзі жиі қолданылады. Менеджмент ұйымдық мақсаттарға қол жеткізу үшін ұйымның ресурстарына негізделген әрекеттер жиынтығы.

Демек, менеджмент → басқару → басшылық. Ал ұйымның ресурстарына негізделген әрекеттер басқару функциясын атқарады: жоспарлау, шешім қабылдау, ұйымдастыру және жетекшілік ету. Демек, менеджменттің негізгі мақсаты – ұйымның мақсаттарына ұтымды және тиімді қол жеткізуді қамтамасыз ету деп дәлелденеді. Ұтымдылық – ресурстарды саналы және экономикалық тиімді жолмен пайдалану. Ал тиімділік дұрыс шешім қабылдау және оны табысты жүзеге асыру болып табылады. Жалпы табысты ұйымдардың қызметі ұтымды әрі тиімді болады. Бұл аталғандарды жүзеге асыратын, оны тиімді басқаратын әрине менеджерлер: менеджер → басқарушы → басшы.

Менеджер – негізгі функциясы басқару процесін іске асыру арқылы көрінетін тұлға. Мектепке дейінгі ұйым менеджерлерінің негізгі міндеттері мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды сапалы жүзеге асыруда, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, бастауышта білім алуға сапалы даярлау үшін педагогтер мен басқа да қызметкерлерді дұрыс ұйымдастыру және ортаны қалыптастыру болып табылады. Жалпы алғанда, менеджер дегеніміз – жоспарлайтын және шешім қабылдайтын, адами, қаржылық, материалдық, акпараттық ресурстарды ұйымдастыратын, жетекшілік ететін және бақылайтын тұлға.

Көшбасшылық – бұл мектепке дейінгі ұйым басшысының барлық тәрбиеленушілердің тәрбиелеу және оқыту процесінде табысты, жоғары нәтижелерге қол жеткізуін қамтамасыз ете отырып, тәрбие мен оқыту туралы ортақ ұстаным қалыптастыру жұмысына жетекшілік ететін, мықты ұйымдастырушылық миссиясы бар және мектеп жасына дейінгі балалардың бастауышта сапалы білім алуға дайындалуына үлкен үміт артылатын интербелсенді процесс.

Қазіргі заман талабына сай білім берудегі негізгі талаптардың бірі білім беру сапасын жетілдіру мақсатында білім берудің барлық деңгейлерін үздіксіз жаңғыртып отыру болып табылады. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудан бастап жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруге дейінгі барлық салаларда жаңартылған білім беру мазмұнын және өзара сабақтастық пен үздіксіздік принциптерін қамтитын педагог кадрлардың біліктілігін арттыруды қажет етеді.

Білім беру мазмұнын жаңартудың нақты тәсілдемелерін қарастыру барысында төмендегідей мәселелерге назар аудару қажет:

1. Кішкентай балаларға білім беру қандай болуы керек?
2. Оларға мектепке барғанға дейін нені үйрету қажет?

Бұл мәселелер қазіргі әлемде аса өзекті болып отыр, осы салада жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, кішкентай балалар жаңа нәрсені қызығушылықпен қабылдайды, әлемді танып-білуге, тәжірибе жинақтауға аса бейім болады. Қазіргі заманғы білім берудің жоғары қарқынымен байланысты ата-аналар көп жағдайда баланың оқу-жазуды ерте жастан үйренуі оның жүйелі түрде дами отырып, әлемді қызығушылықпен танып-білуге деген ынтасына кедергі болмауына көңіл бөле бермейді. Сондықтан мектепке дейінгі ұымға өзгерістер қажет, ол өзгерістерді қалай анықтаймыз?

ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» Қаулысында Қазақстанда ECERS – R

(Ичерс – Р ) сапаны бағалаудың халықаралық шкаласы бойынша өткізілген зерттеу 7 балдық шкала бойынша 4,1 балл деңгейін көрсетті, «Сөйлеу және ойлау», «Өзара ынтымақтастық» шкалалары – 4-тен төмен болғандығын айта келіп баланың өзара әрекетіне, ойын жеткізіп, еркін сөйлей алуына назар аудару қажеттігін атап көрсетті. Осы нормативтік құжатқа сүйене отырып, және балабақша ата-аналарының тарапынан біраз ескертпелер, атап айтқанда, балабақшада өткізілетін ертеңгіліктерге, ашық шараларға қатынасып жүрген ата-аналардың басым бөлігі балаларының сөздік қорының аздығын, ортада ұялшақтығын, жаттаған өлең-такпактарын таза, анық айта алмайтындықтарын, ескертіп, сол бағытта балалармен көбірек жұмыстануымызды өтінді.

Сонымен қатар, 2010 жылдан бері балабақшада «Ата-аналарға арналған консультациялық пункт» жұмыс жасап келеді. Мұнда балабақшамен қамтылмай отырған балалардың ата-аналарына бала тәрбиесі туралы педагогикалық-психологиялық көмек беріледі. Осы пунктке келіп көмек сұраған ата-аналардың сұранысын да ескере отырып, жоғарыдағы Қаулыға сүйене отырып «Ұйымға не жетіспей тұр? Қай жерде проблема болып тұр?» «Өзгерісті істеу үшін не істеуім керек?» деген сауалдарға жауап іздедім.

Балабақшада өзгерісті енгізу үшін қажеттіліктерді төмендегідей тәсілдер арқылы анықтадым:

- педагогтерге кіріс сауалнама жүргізілді, оған 17 педагог қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша, тәрбиешілердің 68,5 пайызы ҰОҚ (ұйымдастырылған оқу қызметіне), коммуникативтік дағдыны дамыту әдістемесіне, тәрбие үдерісіне өзгеріс енгізуді қажет етті. Педагогтың жан-жақтылығы, үнемі ізденіс пен шығармашылық жолындағы талабының болуы сәби жүрегіне бірден-бір жол салады.

- одан кейін балаларды оқу – тәрбие деңгейі бойынша бақыладым, соның ішінде «Қатынас» білім – саласындағы көрсеткіштеріне бақылау жасадым, ондағы тіл дамыту, көркем әдебиет олардың бастапқы, аралық, қорытынды индикатор көрсеткіштерін салыстырдым. Нақтырақ айтсам, тіл дамытуды, жетілдіру бойынша 109 тәрбиеленушінің көрсеткіші 78,2 пайызды құрады, яғни тіл дамыту бағытындағы жұмысты өте қажет етеді, 21,8 пайызы 1-2 жасқа дейінгі балалар құрады.

- ата-аналарға сауалнамалар арқылы, пікірлесу арқылы да кері байланыстан анықтағанымнан балалар тілінің жәй шығуы, сөйлеуге ынтымақтың төмендігі, сөйлеседі бір сөзбен ғана ия – жоқ деп жауап беретіндігі сияқты уәждері көп болды. 90 ата-ана – (82%) өзгерісті қолдады, 18%-ы қалыс қалды.

Жоғарыда атап өткенімдей ата-аналарға арналған консультациялық пунктте де балабақшамен қамтылмай отырған ата-аналардың сұранысы ескерілді. Өйткені, бұл ата-аналардың балалары да болашақ біздің балабақшаның тәрбиеленушілері, әлеуметтік-экономикалық себептерге байланысты әкеле алмай отырғандықтан, оларға кеңестер беріліп отырады. Осындай тәсілдер арқылы педагогке, балаға, ата-анаға қажеттіліктерді анықтағаннан кейін, олардың басымдығы неде екенін түсініп, соның негізінде мектепке дейінгі ұйымда еркін, мәдени, әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыруға коммуникативтік дағдыларды дамыту арқылы ықпал ететін ортасын құру миссиясын жүзеге асырамын.

Миссияны орындау үшін келесідегідей басымдықтарды анықтап алдым:

1. Балабақшада оқыту сапасын арттыруға, еркін, мәдени, білімді, әлеуметтік – коммуникативтік белсенді тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін жайлы жағдайлар, қол жетімді кеңістіктік – білім беру ортасын құру. МЖМББС талаптары ескеріліп, балалардың сөздік қорын, белсенді сөйлеуін, байланыстырып сөйлеуін, ойдан ертегі, әңгіме құрастыра білуін, өзін еркін ұстап, ойын толық жеткізе білуін дамытуға басымдық беріледі.

2. М. Баймұханов атындағы орта мектеппен, мәдениет үйімен, «Балбөбек» балабақшасымен байланыс орната отырып, балалардың өздігінен сөйлеуге сұранысын қалыптастыру, әлеуметте қарым – қатынас жасау үшін тілді игеру және қатынас жасау дағдыларын дамытамын.

3. Ата-аналармен үнемі қарым-қатынаста болу, отбасы жағдайында тіл тазалығын сақтауды, дамытуды үйретуде оларды бейімдеу мен оқу процесіне тарту, халық ауыз шығармаларына баулу, яғни мақал-мәтелдер, жанылтпаштар, жұмбақтар, өлеңдерді мәнерлеп оқу арқылы дамыту. Логопед-дефектологтың жұмысын күшейту, трансформациялау үшін өзгерістер бағытын айқындау.

Басымдылық негізінде бағыттарды анықтап, смарт мақсатына салдым.

Жоғарыда атап өткенімдей 6 топта, 120 бала тәрбиеленуде, оларға 20 педагог тәлім-тәрбие беріп келеді. Педагогикалық құрамның сапасына тоқталатын болсам жоғары білімді педагог – 9 (47,3%), арнаулы орта білімді – 10 педагог (52,7%) құрайды. Олардың жоғары санаттысы – 4, I санатты – 2, II санатты – 9, санатсыз – 2 педагог, педагог – модератор – 4. Осы педагогтардың арасында тәжірибелі, жаңартылған білім беру мазмұнын жақсы меңгерген, шығармашылықпен айналысып жоғары жетістіктерге жетіп жүрген педагогтарымыз бар. Дамыту жоспарында анықталған проблемалар төңірегінде коучингтер мен ментрингтің жү-

мыстарын қарастырдым, яғни даму тобын құрдым. Балабақшаның миссиясымен танысқаннан кейін әріптестер қолдау көрсетіп, бірлесе жұмыс жасауына көмектерін бере бастады. Жоспарды іске асыру мақсатында жас мамандар өздеріне ментор мен коучты тандап алды, бірлескен топтық жұмыс жүйелі жүргізілгендіктен проблемалар анықталып, оң жағына шешіліп отырды. Коучинг тіл дамытудың, көркем әдебиеттің дұрыс ұйымдастырылуы бағыттарын қарап, нақты мәселелерді шешуге бағытталды.

Ментор әдетте, тәжірибесі көбірек білікті педагог, балабақша психологы, ол білімін, тәжірибесін беріп, тәлім алушыға бұған дейін қолжетімсіз болып келген мүмкіндіктерге «есік аша» алды. Ұйымның даму жоспарындағы басымдық бағыты бойынша коучинг пен ментринг соның ішінде тіл дамыту әдістемесі, осы бағыттағы отбасы мен балабақшаның жұмыс сабақтастығының іс – шараларында бастапқыға қарағанда менторинг үдерісінде көзқарастарының өзгергендігі, тәрбиешілердің өз әрекеттеріне міндетті түрде кері байланыс жүргізе білгендері алғашқы қадамның сәтті жасалғандығын көрсетеді.

Ұйымда өзгерістерге қатысушыларды тарту жоспары құрылды, ол әрине балалармен, педагогтармен, ата-аналармен. Бұл іс жүзінде МДҰның жұмысын жақсарту және оның дамуына әркімнің пікірі ескерілетінін білдіреді. Түпкі мақсат балаға, оның әл-ауқатына, білімі мен тәрбиесіне бағытталған іс-шаралар.

#### Коучинг жоспары

№	Жұмыс тақырыбы	Өткізу формасы	Уақыты
1	«Кәсіби шеберлік сатылары»	Коучинг	Қыркүйек
2	«Бала тәрбиесіндегі байланыстырып сөйлеу бағытын үйрететін жаңаша жұмыс тәсілдері»	Іскерлік ойын	Қазан
3	«Синквин» әдіс- тәсілі арқылы бала тілін дамыту	Семинар	Қараша
4	«Мейірімді болса жүрек, орындалар тілек»	Тренинг	Желтоқсан
5	«Тіл дамыту әдістемесі, мәнерлеп оқу практикумы»	Әдістемелік көмек	Қаңтар
6	«Сурет бойынша әңгіме құрастыруды үйрету әдістемесін отбасында қолдану»	Кеңестер	Ақпан
7	«Заманауи білім берудің әдіс тәсілдері»	Коучинг	Наурыз
8	«Балабақшада әлеуметтік-коммуникативтік қатынасты дамыту мен жетілдіру бағытын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттар жиынтығы»	Панорамалық ҰОҚ	Сәуір
9	«Алты қалпақ» әдістемесі	Коучинг	Мамыр

## Менторинг жоспары

№	Жұмыс тақырыбы	Әдістемелері	Уақыты
1	«Сабактастық – МДҰ жетілдіру негізі»	1,2,3 техникасы	Қыркүйек
2	«Ой өзгермей – адам өзгермейді»	«Жетістік баспалдағы»	Қазан
3	Отбасымен жұмыс	«Плюс – минус – қызықты»	Қараша
4	«Мейірімді болса жүрек, орындар тілек»		Желтоқсан
5	«Тіл дамыту әдістемесі, мәнерлеп оқу практикумы»	Әдістемелік көмек	Қаңтар
6	«Сурет бойынша әңгіме құрастыруды үйрету әдістемесін отбасында қолдану»	Кенестер	Ақпан
7	«Заманауи білім берудің әдіс тәсілдері»	Коучинг	Наурыз
8	«Балабақшада әлеуметтік-коммуникативтік қатынасты дамыту мен жетілдіру бағытын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттар жиынтығы»	«Көп нұсқалы жауаптарды қажет ететін сұрақтар»	Сәуір
9	«Алты қалпақ» әдістемесі	Өзін-өзі тексеру, өзін-өзі бағалау парағы	Мамыр

Өзгерістердің тиімділігін бағалау және өзгерістерді жоспарлаудың тиімділігін swot талдауы арқылы жүргіздім. Миссияны толық орындаған жағдайда күшті жақтары:

- балалар жалпы қабылданған ережелер мен нормалар негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынас жасай алады.

- балалардың ауызша сөйлеу қабілеті дамиды, өзін еркін ұстайды, ойын толық жеткізе алады. (ересектермен де, құрдастарымен де еркін қарым-қатынасқа түсе алады, басында айтып өткенімдей, ертеңгіліктерде, ашық шараларда, жалпы әңгімелесуде балалар ұялмайды, ойлаған ойын толық жеткізе алады, сөздік қоры толығады)

- ата-аналар мектепке дейінгі ұйымның қызметіне тартылады, баланың жас ерекшелігіне сай тіл дамыту, қатынас салалары бойынша білімдері толығады, балаға үлгі болу үшін күнделікті тұрмыста әдеби сөздерді қолдануды үйренеді.

Мүмкіндіктері:

- балабақша алдына ашықтықты, ата-аналармен тығыз ынтымақтастықты және өзара іс қимылды көздейтін нысаналы бағдар қойылады, вариативтік оқу бағдарламалары әзірлеуге, авторлық бағдарламалар қорғауға;

Әлсіз жағы:

- бала дербестігін ынталандыруы, тиымның шамадан тыс көп болуы;
- балаға қиын сәтте мезгілінде қолдау көрсете алмауы
- бала тілін дамытуға ұсынылатын тақырыптар мазмұны күрделі болуы;

Қауіптер:

- кадрлардың тұрақтамауы;
- тәрбиеленушілердің смартфонды ұзақ уақыт пайдалануы.

Алдымызға қойған миссияны, аталған басымдықтарды толықтай мақсатқа жету жолын орындағанда: тілі жақсы дамыған бала санасын, жүрегін билеген сезімін дәл, шебер жеткізе алады. Оқу материалдарын ойдағыдай меңгереді, табиғат пен қоғамдағы күрделі байланыстарды дұрыс тану мүмкіндігі артады. Баланың ауызша тілін дамыту жан-жақты кешенді ұйымдастырылған жағдайда ғана нәтижелі болмақ. Балабақшада бала тілін дамыту барысы қоршаған орта, табиғат құбылыстарына бақылау жүргізу; тәрбиешімен, достарымен, үлкендермен тұрмыстық қатынаста әңгімелесу, пікір алмасу; көркем әдеби шығармалар тыңдау, арнайы жаттығу жұмыстарын жүргізу сипатында орын алады. Тәрбиелік мәнге ие ертеңгіліктерде, кездесулер мен саяхаттар барысында тіл дамыту жұмыстарын алдын ала әзірленген әңгімелесулер түрінде шебер ұйымдастыра білу тәрбиешінің шеберлігін арттырса, балалардың да кез келген құбылысқа ерекше мән бере қарай білу машығын қалыптастырады. Оқу сабақтарында баланың сөздік қоры мен сөздік құрамы кеңейіп, байи түссе, грамматикалық тапсырмаларды орындау барысында бала тілі жүйеге келтіріліп, кемшіліктер мен қателіктер түзетіледі. Тіл шеберлігі артып, дұрыс сөйлеу дағдысы орнығады. Бала тіліндегі пассив сөздер активтендіріліп, грамматикадан алған білімдерін іс жүзінде кең түрде пайдалануға мүмкіндік туады. Тіл дамыту – қиын да, күрделі үдеріс.

Теориялық білімді тәжірибеде пайдалана отырып, болашақта да балабақшаның дамуы үшін тиімді тәсілдерді қолдану жолдарын қарастырып, оған мектепке дейінгі ұйымның барлық мүдделі топтарын тарту бағытында жұмыс жасауға болатынына көзім жетті.

#### Әдебиет

1. К.Б. Бердалиев «Стратегиялық менеджмент», ҚР БЖФМ, Алматы, 2011, Ассоциация высших учебных заведений РК.
2. ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» Қаулысы.
3. Джон Э. Гэмбл, Маргарет А. Питереф, Артур А. Томпсон. «Стратегиялық менеджмент негіздері» Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, Астана, 2019.

## ETYMOLOGICAL CLASSIFICATION OF PHRASEOLOGICAL UNITS

Алия АБДУКАЛИМОВА

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Филология және көптілді білім беру институты

7М02312 «Батыс Филологиясы: ағылшын тілі» факультетінің

2 курс магистранты

Алматы қаласы, Қазақстан

**N**owadays English is a chief language of international business and academic conferences, the leading language of international tourism. English is the main language of popular music, advertising, home computers and video games. Most of scientific, technological and academic information in the world is expressed in English. International communication develops and expands very fast. The English language has become the means of international communication, the language of trade, education, politics and economics. People have to communicate with each other, it is very important for them to understand the foreigners and be understood by them. A word comes to be a powerful means of communication but also can be a cause of a great misunderstanding if it is not clearly understood by one of the speakers. Idioms, phrasal verb and all phraseological units are a very numerous part of the English language. It comprises one third of part of the colloquial speech. That is why good knowledge of the language, including English, is impossible without knowledge of its phraseology. The metaphorical and emotional character of phraseological units makes speech more figurative and expressive. Therefore, for those who learn the English language, this layer of the English vocabulary is of particular interest.

Phraseology is a relatively new branch of linguistics which attracts the attention of an increasing number of scholars. The vocabulary of any developed language is enriched not only by words but also by phraseological units which are not created by the speaker in the process of speech but used as ready-made units. The term phraseology was first used by the Swiss linguist Charles Bally when he wrote about different types of word groups that vary in degree of stability from free word groups to phraseological unities.

One of the most important and difficult problems of phraseology is how to distinguish between free word-groups and phraseological units. It is necessary to point out the criteria of phraseological units because they have certain features in common with free word-groups and compound words. The criteria by A.V.Kunin can be considered.

As any lexical item they can be divided into two large groups that is they can be either native English by origin or borrowed from other languages. Let

us consid  
English.

The  
most cas  
phraseolo

Term  
colour» r  
like «туь  
in the usa

1) Br  
the greer  
hope in a  
«жанабы

2) B  
in the pa  
instead o  
past peo  
(around

3) S  
immoral  
was mar  
an impo  
food at  
night. T

4) F  
from Ho  
stocking  
a thatch  
from th  
Cocker  
in the l  
taken fr  
рып», v

5) F  
someth  
in Notr  
be save

Phr  
phrased  
The ma

us consider the main sources of native and borrowed phraseological units in English.

The majority of phraseological units in English are native English. In most cases the creators of them are unknown. The main sources of native phraseological units are:

Terminological and professional lexis, for example «to lower one's colour» meaning to lose. Comparatively Kazakh language also has some units like «туы жығылды». We can see that these two phraseological units are same in the usage from the criteria of terminological and professional lexis.

1) British literature. The majority of them come from Shakespeare writing: the green eyed monster (jealousy) Ch Dickens: never say die (do not give up hope in a difficult situation). from Kazakh literature Y. Altynsarin used word «жанабында» (means near)

2) British customs and traditions, a baker's dozen (a group of thirteen), in the past British merchants of bread received from bakers thirteen loaves instead of twelve and the thirteenth loaf was merchant's profit. In Kazakh past people used to count using hands and we still use this word «алақандай» (around 15-20 cm)

3) Superstitions and legends: a black sheep ( a less successful or more immoral person in a family or a group), people believed that a black sheep was marked by the devil. Superstitions in Kazakh language superstitions play an important role as well. People are used to covering the surface of water and food at night, other ways they believe that devil touches and tastes the food at night. They say «шайтан аралайды».

4) Historical facts and events, personalities, blue stocking (one admiral from Holland called the members of one literary society the gathering of blue stockings because one of scientists appeared there in blue stockings: to do a Thatcher (to stay in power as Prime Minister for three consecutive teams), from the former Conservative Prime Minister Margaret Thatcher: according to Cocker ( according to rules), Cocker is the author of a text-book on arithmetic's in the 17<sup>th</sup> century: Queen Ann is dead! (iron. It is known ago). The phrases taken from Kazakh history has a great usage. People say «ақтабан боп шұбырып», when somebody flees desperately.

5) Phenomena and facts of everyday life carry coals to Newcastle (to take something to a place where there is plenty of it available), Newcastle ia a town in Notrthern England where a lot of coal was produced; to get out of wood ( to be saved from danger or difficulty)[1]

Phraseological units borrowed from other languages entered English phraseology through both literary sources and oral contracts with other nations. The main sources of borrowed phraseological units are:

1) The Bible – the most important source of borrowed phraseology. The idioms borrowed from the bible are quiet numerous: forbidden fruit (something that is described it is forbidden of disapproved of); a wolf in a sheep's clothing (a person who appears to be friendly, or harmless, but is really an enemy of or evil-doer) . In Kazakh language we also have the equivalent of this word «қой терісін жамылған қасқыр». In Kazakh Language we can also be witness of some borrowed terminology but from Kuran as the religion is Islam. For example «Күдайсыз қурай сынбайды» (it means that nothing happens without God's wish).

2) Ancient legends and myths: to cut the Gordian knot (to deal with a difficult problem in a strong, simple and effective way), the apple of discord (a reason for quarrel), an Achilles heel (a weakness or fault which may not be known but which when discovered can be used to damage or destroy somebody). «Нұхтың кемесі» used for something which safes you.

3) Fairy tales: Aladdin's lamp (a thing of magic which fulfills every wish of its masters) . The Kazakh language has a great amount of fables and plenty of phrasal verbs like қу түлкі (tricky person).

4) Facts and events of the world history. For example: to cross the Rubicon (to do something which cannot be changed after) Julius Caesar started a war which resulted in victory for him by crossing the river Rubicon in Italy. Another example: to meet one's Waterloo (to be faced with a final defeat, especially after previous success, a difficulty or obstacle one cannot overcome), from the defeat of Napoleon at Waterloo in 1815. In Kazakh history from 1723 to 1725, there was a very tragic period. After the death of Tauke Khan, the personalization of the Three Hundred and the separation of each other weakened the military and political power of the Kazakh Khanate. The vast majority of the population passed the Syrды, and reached Alkakol. For the first time in its history, Kazakhstan has faced a huge loss of grief and has faced the threat of being absent from the earth as a nation. The Kazakhs understood the nature of this disaster, to protest against their enemies, to find ways to save generations from the destruction of their descendants they ran away. So we use «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», to talk about someone who flees desperately [3].

5) Terminology is rich for the utterances from other languages (both classical and modern): second to none (equal with any other and better than most) from Latin, for somebody's fair eyes (because of personal sympathy, for nothing) from French, let the cat out of the bag (to reveal a secret carelessly or by mistake) from German, blue blood (aristocracy) from Spanish, every dog is a lion at home (to feel significant in the familiar surrounding) from Italian, the Sick Man of Europe (originally Turkey, at present any European country in a different economic position) from Russian. In Kazakh language a great

amount of words were borrowed from Russian language as подъезд (block of flats), съезд (conference).

There are various ways and resources of the origin of phraseological units in the English language. The consideration of the origin of phraseological units contributes to a better understanding of phraseological meaning [4].

**Андатпа.** Фразеологиялық бірлік немесе фразеологиялық бірлік – бұл құрамы мен құрылымы бойынша тұрақты, лексикалық бөлінбейтін және мағынасы жағынан тұтас, жеке лексема қызметін атқаратын сөйлем. Фразеологиялық бірліктердің негізгі мақсаты – сөйлеудің ерекше экспрессивтілігін, ерекше ерекшелігін, дәлдігі мен бейнесін беру. **Кілт сөздер:** фразеологизм, фразеологиялық бірлік, тұрақты тіркестер, терминология, лексика, лексикология.

**Аннотация.** Фразеологическая единица – это предложение, которое по составу и структуре является устойчивым, лексически неделимым и по смыслу служит целой, отдельной лексемой. Основная цель фразеологизмов – передать особую выразительность, особую оригинальность, точность и образность речи. **Ключевые слова:** фразеологизм, фразеологическая единица, устойчивые словосочетания, терминология, лексика, лексикология.

#### References

1. Кунин А.В. Курс фразеологии современного английского языка. – М., 1996.
2. Кунин А.В. Фразеология современного английского языка. – М., 1974.
3. Ақтабан шұбырынды – Уикипедия (wikipedia.org)
4. Academia.edu

## ҚАЗІРГІ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ АУЫЗША СТИЛИСТИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ АСПЕКТІЛЕРІ

Балауса МАНАП

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің  
магистранты

Алматы қаласы, Қазақстан

**А**уызша стилистика – сөйлеу мәнерін, стилистикалық құралдар мен тілдің экспрессивтік құралдарын білдіретін мазмұнға қатысты зерттейтін тіл білімінің салыстырмалы жаңа саласы болып табылады.

Бұл жаңа сала оқу дағдыларын дамытады, көркемдік талғамын дамытуға негіз болып, тілдің қалыпты болуына ықпал етіп, сауатты, мәнерлі сөйлеуге және жазуға көмектеседі.

Қазіргі тіл білімінде тілдің экспрессивті құралдары, тілдің экспрессивті құралдары, стильдік құралдар, стильдік құралдар сияқты терминдер жиі қолданылады. Бұл терминдер кейде синонимдік мағынада қолданылады, кейде олардың мазмұны басқаша болады.

Лексикалық экспрессивтік құралдар мен стильдік құралдар көбіне автордың қолындағы біртұтас құрал ретінде қарастырылады, бұл ұғымдарды ажырату жай ғана беріледі, бұл терминдердің арасында нақты шекара жоқ. Оның үстіне әр түрлі зерттеушілер жасаған экспрессивтік құралдар мен стильдік құралдардың классификациялары бір-бірімен сабақтас құбылыстар мен ұғымдарды қамтиды, бірақ әртүрлі позициядан, деңгейден беріліп, қабылдауды қиындатады. Сонымен қатар, әр түрлі зерттеушілер жасаған стильдік құралдар мен экспрессивтік құралдардың классификациялары ұқсас құбылыстар мен ұғымдарды қамтиды, бірақ әртүрлі позициялар мен деңгейден беріліп, оларды қабылдауды қиындатады.

Зерттеудің мақсаты: стилистикалық құралдардың түрлерін жүйелеу және зерттеу, ағылшын тілінің стильдік құралдарының классификациясы, стилистикалық құралдардың тілдік табиғаты мен функционалдық мәнін анықтау; стилистикалық құралдарды қолданудың мағынасын анықтау.

Ағылшын тілінің сөздік қорында эмоционалдық мағынадағы сөздер тобы да кездеседі. Эмоциялық мағына кез келген басқа мағына сияқты сөздегі ұғымның жүзеге асу тәсілі болып табылады. Бірақ субъектілік-логикалық мағынадан айырмашылығы, эмоционалдық мағына объективті шындықтың заттары, фактілері, құбылыстары тудыратын эмоцияларды, сезімдерді сөзбен жүзеге асырады. Сонымен эмоционалдық мағына сөйлеушінің объективті шындық фактілеріне субъективті және бағалаушы қатынасын білдіреді (Потебня А., 1905)

Тілдің фонетикалық құралдары – бұл ең алдымен сөйлеу дыбыстары – дауысты және дауыссыз дыбыстар, олардың мәтіндегі сапасы мен жиілігі.

Тілдік дыбыстардың сапасын бағалау оларды қабылдаудың қалыптасқан дәстүрлеріне байланысты. Қазіргі ғылым жеке-жеке айтылатын сөйлеу дыбыстары дыбыстық емес қабылдауды тудыруы мүмкін екенін жоққа шығармайды. Алайда, сөйлеу дыбыстарының мағыналарын ана тілі интуитивті түрде қабылдайды, сондықтан олар өте жалпы және түсініксіз.

Сарапшылардың пікірінше, фонетикалық мағына сөздердің тән қабығының айналасындағы қауымдастықтардың белгілі бір түсініксіз галосын жасайды. Бұл «білімнің белгісіз жағын біз әрең түсінеміз» және тек кейбір сөздерде біз дыбыстың семантикалық жағына «қысымын» сезінеміз (Лотман, 1972).

Ф.С. Фицджералд өзінің романында көркем образдар жасау кезінде лексикалық немесе синтаксистік болсын, стилистикалық фигуралардың

әртүрлі т  
дарын ж  
метафор  
Кейін  
бірі-мета  
маңызды  
Кейін  
листика  
олар мет  
жіктелед  
Көрп  
стилист  
мияны  
біріктірі  
жүреді,  
жеңілде  
шелігін  
Осы  
авторға  
насыны  
көреміз  
Ром  
лып та  
объекті  
және с  
ретінде  
қасиет  
алып к  
гілі бір  
және  
табыла  
тің та  
бағала  
лаулар  
бағыт  
(эпите  
Эп  
не ай  
түсі м  
дігіне

әртүрлі түрлерін қолданады. «The Great Gatsby» кейіпкерлерінің образдарын жасауда қолданылатын негізгі стилистикалық әдістер-эпитеттер, метафоралар және салыстырулар.

Кейіпкердің визуалды бейнесін жасаудың маңызды құралдарының бірі-метафора. Метафора, К. К. Жюльдің пікірінше, көркем мәтіннің маңызды ерекшелігі және сөйлеудің негізгі тұлғасы (Жюль, 2004).

Кейіпкердің визуалды бейнесін қалыптастыру кезінде басқа стилистикалық әдістер қолданылады, әсіресе метонимия және салыстыру, олар метафорамен бірге образға жетудің лингвистикалық құралы ретінде жіктеледі.

Көрнекі бейнені жасаудың лингвистикалық механизмі әртүрлі стилистикалық әдістерде ерекшеленеді. Мәтінде метафора мен метонимияны қолдану, мұнда салыстырудан айырмашылығы, ортақ семамен біріктірілген екі мағынаны бір уақытта нақты мәндермен жүзеге асыру жүреді, ал жалпы сема да айқын көрінеді, бұл кескінді декодтау процесін жеңілдетеді. Метафора-бұл көбінесе оның құрылымдық ұйымының ерекшелігіне байланысты жарқын визуалды суретті жасаудың күшті құралы.

Осылайша, біз метафораны құру және оны мәтінде қолдану қабілеті авторға көркем образдар жасауда, жеке стиль жасауда және әлем картинасының өзіндік көзқарасында таусылмайтын мүмкіндіктер беретінін көреміз (Елоева, 1999).

Роман бойында эпитет жиі қолданылатын лингвистикалық әдіс болып табылады. «The Great Gatsby» романында эпитет кез-келген жағынан объектіні сипаттап қана қоймай, автордың концептуалды-эмоционалды және стилистикалық көрінісінен өткен қасиеттерін білдіретін атрибут ретінде қарастырылады. Эпитет атрибутивті сөз ретінде объект, оның қасиеттері және спикердің оған қатынасы туралы белгілі бір ақпаратты алып қана қоймайды, сонымен бірге қоршаған әлемді бейнелеудің белгілі бір кезеңінің аяқталуының және адамның белгілі бір концептуалды және эмоционалды-бағалау жүйесіне енетін объектінің белгісі болып табылады. Эпитетте тұлға объектіні білуге, оның біліктілігіне (эпитеттің танымдық функциясы) және эстетикалық принциптер тұрғысынан бағалауға (эпитеттің эстетикалық функциясы), сондай-ақ алынған бақылауларды тілдік құралдармен білдіруге және оларды адресатқа беруге бағытталған шығармашылық іс-әрекеттің субъектісі ретінде көрінеді (эпитеттің коммуникативті функциясы) (Кухаренко, 2005).

Эпитет көркем сөйлеудің ең сүйікті және кең таралған әдістерінің біріне айналды. Бұл оның шығармаға эмоционалдылық, бейнелеу, автордың түсі мен қосымша мағынасын беру үшін шексіз мүмкіндіктер беретіндігіне байланысты. Әдебиеттің әйгілі теоретигі Г. Н. Поспелов эпитетті

поэтикалық бейненің барлық түрлерінің ішіндегі ең бастысы деп санады. «Жазушы персонализацияны, символдарды, гиперболаларды қолдана алады және оларды пайдаланбайды. Ол із сөздерін қолдана алады немесе олардан аулақ бола алады. Бірақ оның поэтикалық ойы қандай болса да, ол ешқашан эпитеттерсіз болмайды. Эпитеттерсіз көркем образ жасау мүмкін емес. Эпитеттер бейнеленген өмірдің қасиеттерін білдіреді. Өмір құбылыстарын бейнеленгеннің ерекшеліктерін анықтайтын және анықтайтын сөздерді қолданбай суреттеуге болмайды» (Поспелов, 2002).

Стильдік құралдардың жіктелуін зерттей келе, тілдің экспрессивтік құралдарын типтеу негізінде стильдік құралдар жасалады деген қорытындыға келдік. Барлық стильдік құралдар экспрессивтік құралдарға жатады, бірақ экспрессивті құралдардың барлығы стильдік құралдар емес. Әдістер әртүрлі құралдардың бай мүмкіндіктеріне негізделген.

И.Р. Гальпериннің тұжырымдарына сүйене отырып жіктеулерінде біз келесі стильдік әдістерді анықтадық: метафора, салыстыру, ирония, Zeugma, эпитет, шылау, метонимия, оксиморон, антономазия, перифраза, эвфемизм, гипербола, литания, дәйексөз, тұспалдау және т.б.

Сөйлеу тілімізді экспрессивті ететін лексикалық экспрессивтік құралдар мен стильдік тәсілдер алуан түрлі және оларды білу өте пайдалы екенін атап өткен жөн. Сөз, сөйлеу – адамның жалпы мәдениетінің, оның интеллектінің, сөйлеу мәдениетінің көрсеткіші. Ешбір жұмыс лексикалық экспрессивтік құралдарсыз және стилистикалық құралдарсыз орындалмайды. Тілдің стильдік қорын менгеру, оның стильдік нормаларын білу болашақ мұғалімге қоғамымыздың жалпы сөйлеу мәдениетін арттыру үшін қажет.

Түрлі тақырыптағы ағылшын мәтіндерінде стилистикалық құралдарды қолдануды зерттеу нәтижесінде мысалдар келтіре отырып, сорттарды негіздей отырып, біз мынадай қорытындыға келдік:

- Қазіргі кезде стилистикалық құралдар адам қызметінің әртүрлі салаларында кеңінен қолданылады;

- лексикалық стилистика негіздері бойынша жалпыланған және жүйеленген теориялық материал, таңдалған сараланған практикалық мысалдар білімді тереңдетуге, сөйлеу тәжірибесін жетілдіру дағдылары мен дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді;

- зерттеуіміздің практикалық әзірлемелері ағылшын тілін үйренушілерге әртүрлі функционалды стильдегі мәтіндерді оқу кезінде сөйлеу стилистикасын жақсы түсінуге көмектеседі, лингвистикалық және лингвоелтану құзыреттілігін қалыптастыру процесінде сөздік қорды жақсы сіңіруге көмектеседі;

- сөздік қорымызды жақсарту және байыту үшін авторлар әртүрлі стилистикалық әдістерді қолданатын көркем әдебиетті оқуымыз керек (оның басты мысалы – Фицджеральдтың «Ұлы Гэтсби» романы).



R

used  
obser  
and C  
engin  
lectur

Қорытындылай келе, адамның мәнерлі, айқын құнды сөйлеуінің тасымалдаушысы стилистикалық әдістер екенін атап өткен жөн. Сондай-ақ стильдік құралдар адамның өмірлік іс-әрекетінің, оның поэзиясы мен шығармашылығының құрамдас бөлігі болып табылады.

Стильдік құралдар тілдік құзыреттілікті қалыптастыру барысында сөздік қорды жақсы меңгеруге көмектесері сөзсіз.

#### Әдебиет

1. Ильиш Б. А. Қазіргі ағылшын тілі. Шетел тілдеріндегі әдебиеттер баспасы, М: Дело, 2005.
2. Galperin, I «Essays on English language stylistics» М., 1958
3. Скребнев Ю.М. Ағылшын тілі стилистикасының негіздері. Астрель, 2003.
4. Арнольд И.В. Қазіргі ағылшын тіліндегі сөздің семантикалық құрылымы және оны зерттеу әдістемесі, Ағарту 1966.
5. Потебня А.А. Әдебиет теориясы бойынша жазбалардан. Харьков, 1905.
6. Ивашкин М.П. Ағылшын тілінің стилі бойынша практикум. - М.: АСТ: Шығыс-Батыс, 2007.
7. Арутюнова Н.Д. Тілдік мағыналардың түрлері, 1988 ж.
8. Иванова И.П., Беляева Т.М. Ағылшын тілінің тарихы бойынша оқырман. Л., 2005
9. Виноградов В.В. Стилистика. Поэтикалық сөйлеу теориясы. Поэтика. – М.: КСРО Ғылым академиясының баспасы, 1963.
10. Арнольд И.В. Қазіргі ағылшын тілінің стилистикасы: декодтау стилистикасы. М: Білім, 1999 ж.
11. Тер-Минасова С.Т. Тіл және мәдениетаралық коммуникация.–М.: Слово, 2000
12. Лосев А.Ф. Ирония ежелгі және романтикалық. – Кітапта: Эстетика және өнер. М., 1966 ж.



## INNOVATIVE TEACHING STRATEGIES FOR BOOSTING STUDENT ENGAGEMENT

Assiya KUPESHOVA  
manager of the Center of Excellence branch



Assiya Makhanova  
Nazarbayev Intellectual School of Physics and Mathematics  
teacher of English language

Шымкент қаласы, Қазақстан

**R**ecent research has shown that student participation is the most efficient method of learning – exceeding lectures – yet it is currently the least used teaching style in higher education. Well, almost 550 lecturers were observed while teaching over 700 courses at 25 institutions across America and Canada in research of over 2,000 university classes in science, technology, engineering, and math (STEM), and found that 55% were still using traditional lecture techniques to teach – a style that has been proven to be the least

effective at teaching and engaging students. Only 18% used a student-centered approach to teaching, with an emphasis on group activities and debates. Student engagement tactics have been shown to increase students' learning and perspectives toward learning in studies. Student involvement has long been recognized as a fundamental component of student learning and accomplishment and a primary aim of national school reform initiatives.

What is the definition of student engagement?

The National Study of Student Participation (NSSP), a yearly assessment of student engagement in American colleges, assesses and defines it as follows: Student engagement refers to two important aspects of collegiate quality: how much time and effort students devote to their studies and other academically focused activities, and how the educational institution allocates resources and organizes the curriculum and other learning opportunities so that students can engage in activities that are related to their learning.

Why is it that if student participation has been demonstrated to be the most successful teaching technique, it is so poorly implemented? A lack of preparation for faculty in the requisite skills to use creative tactics that promote students' motivation, such as reduced classroom sizes, open classroom designs, and other techniques that reduce reliance on traditional lecturing, is one possible cause, according to a Nebraska research.

Students' involvement through innovative instructional tactics:

1. Inquiry-based learning. It is an effective method for piquing students' interests. This enables pupils to draw conclusions based on their studies and inquiries. Students can also give a presentation to the class on what they've learned and remark on what went well and what they need to work on further. Teachers serve as facilitators, answering questions offered by students while they do study and self-discovery to find solutions.

2. Flipping the classroom. In this technique, standard lectures are reversed, and inquiry, implementation, and evaluation are encouraged to actively communicate to students and their demands. Outside of class, students study topics by reading, watching brief pre-recorded video lectures, or conducting research for assignments. Students work through the material in groups or individually throughout class time for active learning, with stress on higher-order thinking and adaptation to complex problems.

The following are examples of common inventive activities:

To identify solutions, work in groups.

Case studies are being used to learn.

Instruction from peers

3. QR codes. QR codes are a type of barcode. Students can scan QR (Quick Response) codes with their smartphones or electronic devices to obtain information or engage

Examining

During class

Adding to the

Obtaining s

Getting acc

Sharing wh

4. Personal

encompasses e

to learning tec

tailored to the

some of them:

Blended le

specific instru

techniques for

information or engage  
range of uses, in  
Examining  
During class  
Adding to the  
Obtaining s  
Getting acc  
Sharing wh  
4. Personal  
encompasses e  
to learning tec  
tailored to the  
some of them:  
Blended le  
specific instru  
techniques for  
move through  
Adaptive  
learning techn  
questions and  
5. Project  
learner may a  
engages stud  
and self-man  
The students  
PBL is an ex  
their learning  
6. Techn  
and instructo  
Websites an  
app can help  
technology  
augment inst  
7. Jigsaw  
to choose the  
being given  
group. As a  
teaching oth  
placed into

mation or engage with lectures. QR codes are simple to make and have a wide range of uses, including:

Examining responses

During class discussions, students can vote.

Adding to the knowledge in the textbook

Obtaining survey results

Getting access to video tutorials

Sharing what they've learned with their peers

4. Personalised learning. Personalized learning encompasses everything from institution selection to learning technique and mode. Learning may be tailored to the needs of each individual. These are some of them:


Blended learning is a term that refers to a method of learning with less specific instruction from the instructor and more discovery-based learning techniques from the student, this teaching style lays more obligation on the student. It gives pupils the freedom to choose where and how quickly they move through the content.

Adaptive learning is a term that refers to the ability to learn. Adaptive learning technology collects data about student behavior as they respond to questions and utilizes that information to provide immediate feedback so that learning may be changed accordingly.

5. Project-based learning (PBL). Advances broader learning skills that the learner may apply throughout their academic and professional pursuits. PBL engages students by eliciting critical thinking, problem-solving, cooperation, and self-management through real-world challenges, issues, and scenarios. The students then propose their answers to the class and the rest of the group. PBL is an excellent teaching technique because it engages students, enhances their learning, and increases their awareness of real-world concerns.

6. Technology. The use of technology in education is a delicate balance, and instructors should utilize it intelligently to enhance student participation. Websites and applications like Google Docs, YouTube, and the Remind app can help with student engagement and cooperation. Teachers may use technology to connect with their students, notify them about future tasks, augment instruction with online videos, and promote student participation.

7. Jigsaws. A tried-and-true cooperative learning method permits students to choose their curriculum. Students are separated into groups, with each group being given various pieces of material to study in able to educate another group. As a result, students could become experts in what they've learned by teaching others. When each small group has learned its knowledge, they are placed into new groups, which are made up of members from each of the small



groups, like a jigsaw puzzle with diverse data pieces coming together in each new group. After that, each member discusses what they've learned, bringing the teachings to life and allowing students to build their training by interacting with each other and the content.

8. Studying. While studying is a form of student engagement that is related to academic progress and success, it may appear to be an out-of-date strategy for student engagement. Outside of the classroom, serious reading improves students' understanding of both factual and fictional notions, and deliberate writing improves students' ability to think rationally. According to a recent poll of American colleges, 76% of professors believe that students devote five hours or less per week preparing for the courses they teach, with just 30% saying that the average student completes most or 'all' of the necessary reading. Adequate learning is dependent not only on entertaining approaches but also on students' desire to devote sufficient time beyond the class to academic subject study.

Students can learn through solving issues, finding answers, and strengthening critical thinking abilities using any of the instructional methodologies indicated above. Student involvement is aided by tactics that shift away from the conventional lecture-based approach and instead encourage students to ask questions in class, allow for student-led study and presentations, are technologically enabled, and incorporate self-study. All of these factors promote student curiosity, enthusiasm, motivation, concentration, and teamwork, and have been shown to boost educational accomplishment and long-term success.

**Аннотация.** Бұл жұмыста оқушылардың белсенділігін арттыруға арналған инновациялық оқыту стратегиялары жинақталды. Дәстүрлі және заманауи білім беру әдістері салыстырылды. Зерттеулерге сәйкес, студенттердің мотивациясына ықпал ететін шығармашылық тактиканы қолдану үшін қажетті дағдылар мен дайындықтың болмауы, мысалы, кішірейтілген сынып бөлмелері, ашық сынып дизайнердары және дәстүрлі дәріске тәуелділікті азайтатын басқа әдістер болуы студенттердің дәріс-тегі белсенділігінің төмен болу себептерінің бірі болып табылатындығы анықталды.

#### References

- Allan, Bradley M., and Roland G. Fryer, Jr. "The Power and Pitfalls of Education Incentives." The Hamilton Project, Discussion Paper, September 2011.
- Allen, Joseph P. et al. "An interaction-based Approach to Enhancing Secondary School Instruction and Student Achievement." Science, August 9, 2011.
- Bauerlein, Mark. "The Paradox of Classroom Boredom." Education Week, August 6, 2013.
- Bayerl, Katie, et al. "In and Beyond Schools: Putting More Youth on the Path to Success with Integrated Support." Jobs for the Future and the California Advancement Project, April 2014.
- Elias, Maurice. "How Are Social-Emotional Learning and the Common Core Connected?" Edutopia, January 15, 2014.





## БҰЗАУШЫҚ – ҚОЛДАН ЖАСАЛАТЫН САБЫН

Айнагул ИЗТУРГАНОВА

«Ә. Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ  
тарих пәнінің мұғалімі

Гүлбақыт БЕКҚАЛИҚЫЗЫ

11-сынып оқушысы

Қызан ауылы, Маңғыстау ауданы, Маңғыстау облысы, Қазақстан

**А**дам – табиғаттың перзенті, бір бөлшегі. Табиғат – адамның асыраушысы, яғни тамағы, киімі, үй – панасы, дәрі – дәрмегі. Әрбір тұтынған затымыз таза табиғи болса – деніміз сау болады. Бүгін мен сіздерге таңғажайып табиғаттан алынатын – кара сабын туралы мағлұмат бермекпін. Медицина дамымаған кезде адамдар жұқпалы дертпен қалай күрескен? Қазіргі дәріхана сөресінде толып тұрған дәрі – дәрмек орнына не қолданған? Міне, осы сұраққа жауап іздедім. Тапқан жауабымды сіздерге жеткізсем деп едім. Ғажайып табиғаттың сырын білген халқымыз жұқпалы дертке ем болатын және адам қажетіне жараған сабынды ерте кезден-ақ қолдан әзірлеген.

Сабын – тілімізге арабтың «сабун» деген сөзінен енген кірме сөз. Сілтінің, сақардың және майдың қосындысынан жасалған, суда еритін кір жууға арналған кесек немесе қоймалжың сұйық зат. Бүгінде сабынның сан түрлі атаулары бар. Сабын өндірісі бұдан 6000 жыл бұрын жүзеге асқанын археолог-ғалымдар дәлелдеп отыр. Сабын – жоғары карбон қышқылдарының тұздары  $\text{RCOOMe}$ . Сабынның құрамына пальмитин  $\text{C}_{15}\text{H}_{31}\text{COOH}$  және стеарин  $\text{C}_{17}\text{H}_{35}\text{COOH}$  қышқылдарының тұздары (негізінен, натрий мен калий тұздары) кіреді және оның суда ерігіштігі құрамындағы металл катионына байланысты болады. Калий тұздары суда натрий тұздарына карағанда жақсы ериді, ал магний, кальций, барий тұздары суда ерімейді. Сұйық сабынның құрамына калий, қатты сабынның құрамына натрий катиондары кіреді.

Адамзаттың даму жолында әр түрлі қажеттіліктерге байланысты көптеген заттарды өздері табиғатты пайдалану арқылы жасап шығаруға тура келді. Қазіргі кездерде ғылыми жобаларға, өзге мемлекеттердің соңғы жаңалықтарына қарап қызығушылық білдіретініміз хақ. Бірақ, тарихқа үңілсек, барлық адамзат секілді қазақ ұлты да өз өмірлерінде табиғат-

ты дұрыс пайдаланудың арқасында мақтанышпен айтуға лайық заттар жеткілікті жасаған. Ұлтымыз табиғатты, табиғи заттарды өте ұқыпты пайдалануға ерекше назар аударған. Табиғат өнімдерін бір-біріне қосу арқылы тұрмысқа қажетті заттарды алу жолдарын жетік меңгерген. Өнімдерді қалдықсыз, үнемі пайдаланған. Біздің ата-бабаларымыз ерте кездің өзінде-ақ жаратылыстану ғылымдарының бірі химияның негізгі күрделі ұғымдарын үй тұрмысында кең түрде қолдана білумен қатар ұрпақтан-ұрпаққа үйрету арқылы келешекке жеткізіп отырған. Бүгінгі күнде олардың тұқымдарын тиімді пайдалана білу, үйрену, қажетіне қарай қолдана білу әрбір жас ұрпақтың өз халқына деген мақтаныш сезімін арттырады және бұл ғылымды оқып білуге деген құштарлығын оятары хақ.

Солардың кейбірі бүгінгі тұрмысымызда сабын жасау ісі ұмыт болып бара жатыр, сол себепті халқымыздың бұл өнерін қайта жаңарту үшін пайдалы жақтарын және өнімнің табиғи таза екенін жарнамалау арқылы күнделікті тұрмысқа енгізсек деген оймен осы жұмысты жасауға бел будым.

Қара сабын – қазақтың дәстүрлі тұрмысында пайдаланады. Оның негізгі құрамы – итсигектің, алаботаның, сексеуілдің күлі. Онда натрий, тотықты гидрат бар. Ол жануар майымен араластырып жасалады. Мұны қазақ медицинасында ежелден балалардың, ересектердің сыртқы терілерін, киім-кешегін жууға пайдаланған. Негізінен, тері ауруы, желкүз, ет пен терінің ортасындағы қара желге өте жақсы көмегі болған. Терідегі түрлі қышыма ауруларына ешқандай дәрі-дәрмексіз қара сабынмен ішкі киімдерін жуып, өзі шомылдырғанда-ақ жақсы болып кеткен деседі жұрт. Қара сабынды суық тигенде сылайтын май ретінде қолдануға болады, ісікке, домбыққан жарاقاتқа тартады.

Сабындану дегеніміз – химиялық реакция басында майларды гидролиздеу жолымен сабын жасау процесі. Сабындану процесі кезінде триглицеридтер натрий немесе калий гидроксидімен реакцияға түсіп, глицерин мен сабын деп аталатын майлы қышқыл түзеді. Сабындану реакциясы барысында күшті қышқылдар немесе негіздер катализатор ретінде қолданылады.

Сабын – жоғары майқышқылдарының тұздары. Тарихта сабын туралы мәліметтер ерте кезден белгілі. Мысалы, римдіктердің сабын қайнатқаны туралы дәрігер Галеннің шығармаларында жазылған.

Әбу Әли ибн Сина өз қолжазбаларында шығыс елдерінде сабын қолданылғаны және Византияда сабын жасалғандығы туралы мәліметтер бергені белгілі. Ал, скифтердің жуғыш заттар қолданғандығы туралы

Геродот сырда со

Қазір шашты кара сабын кәдімгі кген қола ның бірі Әсіресе, сақармен дары. Ел умен яғн арасынд түрлі жа аллергия

Қол бастауш дын күш ды затт ылымдар

Зерт яға қарс деді. Ке караған, бактери тын ми жол бер қана ко Мұның

Сон терлі іс Оны әр пайдал

1. Х ныбына а
2. Ә баспасы.
3. К тептің 7-с

Геродот жазған. IX-X ғасырларда сабынды көп мөлшерде өндіру XIX ғасырда сода алу әдісі ашылған соң өркендей бастаған.

Қазіргі кейбір сабындардың әсерінен аллергия, қайызғак түсіріп, шашты құрғатып немесе майластырып жіберетін қасиеттер қазақтың қара сабынына тән емес. Ата-бабаларымыз шаштарын сусабынсыз кәдімгі қолдан жасаған сабынмен жуған, қазақ қыздары тірсегіне төгілген қолаң шаштарын да осы сабынмен жуып, күтіп-баптап ұстаған. Соның бірі – әртүрлі ауруға шалдыққан малдарды емдеуге жарамдылығы. Әсіресе, бақана, аусылмен ауырған малдардың тілін, аша тұяғын осы сақармен емдеп, тұяқтарын сақарлы суға малып, жазып алатын бұрындары. Еліміздің әр өңірінде халық тұрмысына ыңғайлап өздеріндік атаумен яғни диалектілермен атау да кездеседі. Қазіргі күннің өзінде халық арасында жасөспірімдердің өтпелі кезеңінде бет-әлпеттеріне шығатын түрлі жағымсыз бөртпелерге және әр түрлі қышымаларға (қазіргі кезде аллергия деп аталады) да емдік дәрі ретінде пайдалану кең етек жайған.

Қолдан сабын дайындау бизнесінің идеясы өте қарапайым және де бастаушы кәсіпкерге сай. Небір жарнамадан бактерияға қарсы сабындардың күші мен пайдасын айтып жатады. Оның ағзаны кез келген зиянды заттардан 100% сақтайды деседі. Алайда, американдық дәрігер-ғалымдар оның пайдасынан залалы көбірек екенін анықтады.

Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, Америка ғалымдары бактерияға қарсы сабындардың онкологиялық ауруларға жол ашатынын дәлелдеді. Көбіне бұл сабындарды спортшылар қолданады екен. Өзгелерге қарағанда олар тұмау, суық тию, тері ауруларына жиі ұшырайды. Себебі, бактерияға қарсы сабындар адам ағзасындағы сыртқы ортадан сақтайтын микробтардың көзін жойып, зиянды бактериялардың орналасуына жол береді. Мұндай сабынмен тұрақты түрде жуыну теріні құрғатып қана қоймай, сонымен қатар оның қорғаныш қабықшасын жұқартады. Мұның салдарынан тері аурулары пайда болады.

Сондай-ақ, бетке әжім ерте түсе бастайды. Оның үстіне терінің қатерлі ісігіне, инфекциялық созылмалы ауруларға әкеліп соғуы мүмкін. Оны әрдайым пайдалану өте қауіпті. Бұл сабындарды қажеттігіне қарай пайдаланған жөн.

#### Әдебиет

1. Химия: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық
2. Ә. Темірболатова, Н. Нұрахметов, Р. Жұмаділова, С. Әлімжанова. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007 ж.
3. К. Қайым, Р. Сатимбеков, А. Аметов, Ж. Кожантаева. Биология жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. Алматы «Атамұра», 2007 ж.

## ӨЗ ІСІНЕ БЕРІЛГЕН ҰСТАЗ...

Гульназ ТОРСЫҚБАЕВА

«Т. Аманов атындағы №16 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
педагог-психологі, өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі,  
педагог-зерттеуші, мектеп тренері

Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, Қазақстан

**Ұ**стаз бейнесі – шәкірт үшін адамгершіліктің ең жоғары үлгісі. Ұстаздың лаулаған жалыны әр жүрекке жылу сеуіп, нұр құятын қуаттың, өмірдің қайнар көзі.

Ұстаз – өзінің бар күшін, бүкіл өмірін бала тәрбиесіне арнаған жан. Дана халқымыз «ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деп текке айтпаса керек. Осынау мамандықтың қыр-сырын жетік меңгерген, қиындығы мен қызығына төзе білген, үнемі ізденісте шығармашылықпен білім беріп ғана қоймай, тәрбиенің бағыттарымен ұштастыра алатын, сабақтағы әдіс-тәсілдері мен шығармашылықпен айналысатын ұстаз ғана көптеген жетістікке жетері сөзсіз.

Ұрпақ тәрбиесі ата-анасына байланысты десек, сол тәрбиенің бір ұшы ұстазға да тиесілі. Алдына келген әрбір шәкірт үшін келешегіне білім беріп, болашағына бағыт беруші шамшырағы – ұстаз. Мектебімізде осындай ұстаздарымыздың бірі педагог-зерттеуші, информатика пәнінің мұғалімі Тлегенова Кәмшат Жұмағазықызы қызмет атқарады.

1972 жылдың 10 қарашада Абай ауданы, Құндызды ауылында дүниеге келген болашақ маман иесі Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы педагогикалық институтының физика және информатика мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1995 жылы аяқтаған. Еңбек жолын 1995 жылдан бастап 100 жылдық тарихы бар Семей қаласындағы Төлеубай Аманов атындағы №16 жалпы орта білім беретін мектебінде бастаған ол бүгінде өз мамандығын жетік меңгерген, білімді, білікті ұстаз. Кез келген уақытта айналасындағы адамдарға көмегін аямайтын, әрдайым қол ұшын беруге дайын мейірімді жан отбасында адал жар, үш перзент тәрбиелеп отырған ана. Кәмшат Жұмағазықызы өзінің қарапайымдылығымен ұжымда беделді, еңбекқор, алға қойған мақсатына жете білетін, ізденімпаз шығармашыл маман. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Ұстаздық мамандық пен оқушыны жанындай жақсы көретін Кәмшат Жұмағазықызының дайындаған оқушылары пәндік олимпиада мен түрлі сайыстарға, ғылыми жоба сайыстарында қалалық,

облыстық.  
гейдегі жүр

«Инновацион-  
кіндіктер  
валіне қат  
оқушысы  
жана техн  
ған «Мен  
«Балалар  
қажеттілі  
налған «  
жұлделі  
ген «Таб  
теушілер  
номинаш  
11-сыны  
саябақ»  
гінің «Д  
тырған ж  
балар кө  
және кө  
қалалық  
хаттары  
ның Ал  
Сон  
аяла» ж  
мында  
Қаз  
калық  
беру са  
шендер  
Соным  
«Ғылы  
мен оқ  
моделі  
«А  
мұғалі  
тәлім-  
жолда  
сусын  
ұстаз

... республикалық, халықаралық ден-  
... бәрі.

«Инновациялық технологиялармен мүмкіндіктер кеңістігі» атты облыстық ІТ-фестиваліне қатысып Құрмет тақтасына ілініп, бір оқушысы «Шығыс Қазақстан өңірлік білімдегі жана технологиялар орталығы» ұйымдастырған «Мен және әлем» жобасы аясында өткізген «Балалар үйлері тәрбиеленушілері мен ерекше қажеттіліктері бар үйде оқитын балаларға арналған «Виртуалды әлем» жасау байқауында жүлделі орын иеленсе, енді бірі 2020 жылы облыстық қашықтан өткізілген «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілер форумында «Табиғатты қорғау шеңбері» экологиялық квест номинациясында жүлделі І орынға ие болды. Осы жылы мектебіміздің ІІ-сынып оқушылары мультимедиялық кабинетте дайындаған «SMART саябақ» жобалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми практикалық орталығы ұйымдастырған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсына Өлкетану бағыты бойынша ІІІ дәрежелі дипломдары және қола медальдармен марапатталды. Оқытудағы жетістіктері арқылы қалалық, Облыстық Білім басқармасының мақтау қағаздары және алғыс хаттарымен, Республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының Алғыс хаттарымен марапатталды.



Сондай-ақ, 2021 жылы Облыстық қашықтан өткізілген «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілер форумында «Туған өлке тарихы» номинациясында марапатталды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Республикалық ғылыми практикалық білім мазмұнын сараптау орталығы «Білім беру сапасын дамытуға қосқан үлесі және оқулықтар мен әдістемелік кешендерге сынақ жүргізуге қатысканы үшін Алғыс хатпен марапатталды. Сонымен қатар, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жазылған «Ғылыми ізденіске бастау», «Паскаль есептер жинағы», «Объектілер мен оқиғаларды 3D модельдеу практикалық жұмыстар» 6 «Blender-да 3D модельдеу әдістемелік құралдардын құрастырған».

«Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі оқушының болашақ азығы. Жақсы ұстаздан тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы анық. Ұрпаққа тәрбие беру, білім нәрімен сусындату – ол өз мамандығын ерекше бағалайтын ұстаз. Сондықтан, ұстаз болу – жүректің батырлығы деп бағалауға болады.

## МЕКТЕПТІҢ ЖАНЫ – МҰҒАЛІМ

Раушан СЛЯМЖАНОВА

«Т. Аманов атындағы №16 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, Қазақстан

«Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім», – дейді ұлттың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов. Үнемі ізденіс үстінде жүріп, даму арқылы білім алушыларды жанашылдыққа бастайтын ұстаздың жетістігі де, жеңісі де көп болмақ. Ал оған жаратылысынан бар балаларға деген ерекше махаббаты қосылатын болса, онда мұғалімнің алмайтын қамалы болмас.

Тарихтағы ең ұлы істің бірі ретінде бағаланатын ұстаздық жолында білімділігімен қатар, жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен, киген киімімен оқушыға тікелей әсер ететін мұғалімдердің қатары көп. Соның бірі – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Рауия Қалыбекқызы Жұмабекова.

Рауия Жұмабекова 1998-2002 жылдар аралығында Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінде «қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша мұғалімдік мамандыққа оқып, өзінің алғырлығы мен жауапкершілігінің арқасында жақсы нәтиже көрсете алған. Алаш астанасында бір ғасыр тарихымен ерекшеленетін білім ордасы, Т.Аманов атындағы №16 жалпы орта білім беретін мектепте алғашқы ұстаздық жолын бастаған мұғалім биыл да жиырмасыншы оқу жылын қарсы алды.

Өз ісіне әрі білім алушыларына деген махаббатты біріктіріп, кемел ұстаз болып отырған Рауия Қалыбекқызының мектепте беделді екені анық, мәртебесі қашан да биік. Мектепте қызмет еткен алғашқы жылдарынан бастап-ақ қала көлемінде ашық сабақтар беріп, өзінің әдістемесін көрсете алған мұғалімнің жетістіктері әлі күнге дейін әріптестерінің есінде. Рауия Қалыбекқызының бойындағы өз ісіне деген жауапкершілік пен оқушыларға қоя алатын талапшылдығының нәтижесінде қала, облыс, республика тіпті халықаралық дәрежедегі марапаттардың санында шек жоқ.

Мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктерін арттыру мақсатында ұйымдастырылатын даму бағыттары бойынша курстарға қатысып, біліктілігін үнемі шыңдап отыратын ұстаздың сабақтарында түрлі жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдер жиі орын алады. Оқыту әдістемелерінің барлығын жинақтап, оны сабақта қолданудың ерекшелігін де зерттеген

ұстаздың мақалалары биет және ғылымның тылған білім жүйесі» де стемелік ко орындарға и

Рауия Қ тілігін тек і стардан ған айналдырған гуманитарлы магистрі ата жолы» рома ялық жобаны

Жалпы, ры да, макса геше болып оқушыға үйр екені де аны қана пән оли канжығалары ның шығарм атты мәнерлі білім алушы рып, өте жақ ны қуантады жұмыс жасағ ге болады.

Облысты ын көптеген сабакпен ған сап, кез келг

Мектеп н уақыт емес. көмектесіп, а терінің бірі т иегерлері. Ұс лебіздерге то

ұстаздың ғылыми басылымдарда шығарған мақалалары да баршылық. Айталық, «Тіл, әдебиет және өркениет мәселелері», «Заманауи ғылымның күйі мен даму жолдары», «Жанар-тылған білім беру мазмұны негізіндегі бағалау жүйесі» деген тақырыптардағы ғылыми-әдістемелік конференцияларға қатысып, жүлделі орындарға ие болған-ды.



Рауия Қалыбекқызы өзінің білімі мен біліктілігін тек қана арнайы семинарлар мен курстардан ғана арттырмайды. Өмір бойы білім алуды жеке кредосына айналдырған ұстаз 2015-2017 оқу жылдарында «Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінде» оқып, гуманитарлық ғылымдардың магистрі атанды. Университет қабырғасында өткен екі жылында «Абай жолы» романындағы әйел-ана образы» тақырыбы бойынша диссертациялық жобаны қорғап, тың зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Жалпы, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің беретін сабақтары да, мақсаттары да бір болғанымен, әр білім берушінің бағыттары өзгеше болып келетіні де жалған емес. Бірі ғылыми жобалар жазуды, оны оқушыға үйретуге бейім болса, енді бірі мәнерлеп оқудың хас шеберлері екені де анық. Рауия Қалыбекқызы жыл сайын білім алушыларды тек қана пән олимпиадаларына ғана дайындап қоймай, түрлі сайыстардан да қанжығалары үнемі майланып келетін. Соның бірі Абай Құнанбайұлының шығармашылығына арналған «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты мәнерлеп оқу сайысындағы жеткен жетістіктері. Үш жыл қатарынан білім алушы Мелісова Ажар аталмыш жарыста жоғары дайындықпен барып, өте жақсы нәтиже көрсетіп, алғашқы үштіктердің қатарында болғаны қуантады. Тек қана оқушының емес, оны баптаған, қателігін түзетіп жұмыс жасай білген Рауия Қалыбекқызының еңбегінің ақталғанын көруге болады.

Облыстық интеллектуалдық «Айналайын» конкурстарына жыл сайын көптеген оқушыларды қатыстыру арқылы ұстаз білім алушыларды сабақпен ғана шектеліп қалмауды үйретеді. Әр баламен жеке жұмыс жасап, кез келген дүниеде нәтиже шығаруға талпынады.

Мектеп қабырғасындағы жиырма жыл Рауия Қалыбекқызы үшін аз уақыт емес. Талай оқушының қанатын қақтырып, мамандық таңдауға көмектесіп, ақылшы сынып жетекші де бола алған. Қазіргі таңда түлектерінің бірі тілші, бірі дәрігер, бірі ұстаз, бірі жаңа тың мамандықтардың иегерлері. Ұстазын ұмытпай әр мерекеде құшағын гүлге, жүрегін жылы лебіздерге толтыратын түлектердің болуы мұғалім үшін үлкен мәртебе

болмақ. Өзінің мамандығына деген адалдығының нәтижесінде оқушы алдында да, ата-ана алдында да зор құрметке ие. Әріптестерінің ортасында да әрқашан сыйлы.

Үш баланың анасы, үлкендердің батасымен көгеріп отырған Рауия Қалыбекқызы өз мамандығының хас шебері. Ең алдымен білім алушыларды «адам» болуға үйрететін ұстаздың жемісті де жеңісті күндері көп болғай.



### УЧИТЕЛЬ С БОЛЬШОЙ БУКВЫ

Кәмилә ҚАСЕНОВА

средняя общеобразовательная школа №16

имени Т. Аманова

учитель самопознания

город Семей, Восточно-Казахстанская область, Казахстан

**Ю**билей школы! Юбилей – это событие, которое не проходит незамеченным в жизни каждого. Юбилеи бывают маленькие и большие, это всегда итог прожитого отрезка времени человека. А вот юбилей школы – это праздник для всех, кто когда-то был её учеником или учителем, а также родителями, чьи дети учились в ней.

А если это 100-летний юбилей, то это событие для многих поколений. В этом году наша школа №16 имени Толеубая Аманова, отмечает именно такое событие.

Школа – это удивительный дом! Здесь всё перемешалось: детство и зрелость, юность и романтика, наука и искусство, мечты и реальная жизнь. В этом доме радость и слёзы, встречи и расставания. Наша школа – это действительно родной дом, куда приятно возвращаться, где тебя любят, ждут и помнят. Пусть славными будут дороги, которыми уходят из школы в большую жизнь наши ученики! Пусть славными делами прославят они имя школы!

Школа живет, радуется победам, строит планы на будущее. Особые слова поздравления и признательности ветеранам школы, подарившим искорки своего сердца и тепло души школе, отдавшим всю свою жизнь детям. Мы вас всех помним, ценим, гордимся вашими достижениями.

Накануне большой, такой важной для нас даты невозможно не сказать слова благодарности за преданность школе всем тем учителям, которые навеки связали свою жизнь с педагогической деятельностью. Среди таких людей людей, сыгравших, без преувеличения, большую роль

в деле ра  
нии того  
ности и  
именова  
золотым  
диша Ва  
Хади  
марте 19  
школу-д  
институ  
В 1952  
старши  
села С  
На  
года по  
В  
тински  
Практи  
ции по  
тала ку  
В  
лем в с  
В  
кански  
ского в  
статей  
в журн  
По  
тала в  
читала  
В  
ластни  
тинск  
Ха  
ния пр  
ее стат  
нашего  
№16, н  
показы  
мой Ба

в деле развития школьного образования, воспитании того сочетания интеллекта, высокой моральности и культуры поведения, которую принято именовать интеллигентностью, имя, вписанное золотыми буквами в историю нашей школы, Хадиша Валиевна Баймуратова.

Хадиша Валиевна Баймуратова родилась в марте 1929 года в городе Семипалатинск. Окончив школу-десятилетку, поступила в Педагогический институт на историко-филологический факультет.

В 1952 году получила диплом учителя русского языка и литературы в старших классах. Затем 2 года проработала в старших классах школы села Самарка Восточно-Казахстанской области.

Начала свою педагогическую деятельность в нашей школе с 1954 года по 1969 год.

В 1969 году Хадишу Валиевну пригласили на работу в Семипалатинский педагогический институт имени Н.Крупской. Она начала вести Практикум русского языка на филологическом факультете, читала лекции по методике преподавания русского языка в казахской школе. Работала куратором в группах РКО.

В том же году Хадиша Валиевна была избрана народным заседателем в областной суд и проработала на этой должности 10 лет.

В годы работы в школе и ВУЗе выступала на городских, республиканских, союзных конференциях с докладами по методике изучения русского в школах с нерусским языком обучения. Из-под ее пера вышло 16 статей по методике преподавания русского языка, которые увидели свет в журнале «Русский язык в казахской школе».

По направлению Министерства Просвещения Казахской ССР работала в Нежинском Педагогическом институте имени Н.В. Гоголя (Украина, г. Нежин), читала лекции по методике преподавания русского языка.

В годы работы в нашей школе и ВУЗе выступала с докладами на областных, республиканских, союзных конференциях городов Семипалатинск, Алма-ата, Ташкент, Фрунзе, Кентау.

Хадиша Валиевна является автором монографии «Методика изучения причастий русского языка в казахской школе». Затем вышел сборник ее статей «С любовью к людям...», посвященный замечательным людям нашего города. Один из данных сборников был подарен и нашей школе №16, на первой странице которого Хадиша Валиевна оставила запись, показывающая ее любовь к своей школе, к своей профессии: «16 школьной Байконур, моя стартовая площадка в мир педагогики...».



Благодаря блестящему педагогу ученики получали не только фундаментальные знания в области русского языка и литературы, но и учились быть настоящими людьми, отстаивающими свою правоту, ищущими причины и смысл сложнейших событий жизни.

Индивидуальный подход к каждому ученику, уважение к свободе мышления школьника, внеклассная работа. «Каждому ученику – хорошее образование», – было главным девизом Хадиши Валиевны.

Несколько слов хочу сказать о Хадише Валиевне, как о классном руководителе. «Дорога жизни. Она у всех разная. Пройти ее надо достойно, честно – это и есть простое человеческое счастье» – учила она. Ее воспитанники считают себя самыми счастливыми, потому что учились у Хадиши Валиевны, ее природный ум не оставлял их равнодушными. Она учила их читать и размышлять, воспринимать, учила видеть и чувствовать образный язык, анализировать и делать выводы.

Даже сейчас, Хадиша Валиевна продолжает оставаться Учителем, Учителем с большой буквы для своих учеников.



## ТАМАША ТАРИХШЫ, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

Молдир БАЙГЕЛЬДИНА

«Т. Аманов атындағы

№16 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

тарих пәні мұғалімі, педагог-сарапшы

Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, Қазақстан

«Ұстаз – ұлық емес, ұлы қызмет», – деп Бауыржан Момышұлы атамыз айтпақшы ұстаздың өмірдегі болмысы мен мәртебесі қашанда биік деп ойлаймын. Себебі, қай мамандықтың иесі де ең әуелгі білімін ұстаздың алдында үйренеді.

Ұстаз болу – әркімнің қолынан келеді. Ал, нағыз ұстаз болу үшін көп еңбек пен тер төгу қажет. Бүгінгі мақала 25 жылдан аса саналы ғұмырын ұстаздық жолға арнап, білім саласында елеулі қызмет еткен нағыз ұстаздардың бірі – Алтынгүл Айтқазықызы туралы болмақ.

1974 жылы бұрынғы Семей облысы Абай ауданы Қызылту ауылында дүниеге келген. 1981 жылы сол жерде мектеп табалдырығын аттаған, 1987 жылы Семей қаласындағы №16 мектепке ауысып келіп, 1991 жылы бітірген. 1991-1996 жылдары Семей Мемлекеттік университетін тарих және қоғамтану пәндерінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Сол 1996 жылдан бері өзі оқыған мектепте мұғалім болып жұмыс істейді.

Айтқазина  
пәні мұғалімі  
дерінің әдістем

«Ұстазды а  
ұлы ағартушы  
ұстаздық – та  
дығында, мұға  
нымен, ұлағат

Шығыс ой  
ның мәңгі бол  
өзі бекер емес  
бойында үздік  
Өз шәкірттерін  
ман шықпасы  
мыңдаған шәк  
бектен тапқан  
руға қосқан ө  
Алған мақтау,  
төбе. Бірақ, ад  
емес, адамды  
қасиеттері, игі

Алтынгүл  
гіліп тұрған ұ  
арқасында ай

2002 жылы  
сайысында ба  
сайысында н  
Қазақстан та  
пиадаларынан  
облыстық білі  
облыс ауданд  
болды. 2016  
ныптарға арна  
саласындағы  
тест Орталығы  
болып табыла  
байланысты  
мүшесі. 2013

Айтказина Алтынгүл Айтқазықызы – тарих пәні мұғалімі. Қалалық тарих пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жетекшісі.

«Ұстазды алтын діңгекке балар едім» – деп, ұлы ағартушы Ы. Алтынсариннің айтқанындай, ұстаздық – тарихтағы ең ұлы істің бірі. Шындығында, мұғалім ісі сырттай карапайым болғанымен, ұлағатты ұстаз мәртебесі кез келгеннің маңдайына бұйыра бермейтін бақ.



Шығыс ойшылы Жүсіп Баласағұн: «Адамның мәңгі болмағы, оның ары мен елі үшін еткен еңбегінде», – деуінің өзі бекер емес, өйткені ұстаздықтың ұлы жолын таңдаған әр адамның бойында үздіксіз ізденіс пен тынымсыз еңбек ету қасиеттері болуы шарт. Өз шәкірттеріне сүйіспеншілікпен қарай алмаған мұғалімнен жақсы маман шықпасы анық. Ал, Алтынгүл Айтқазықызын алатын болсақ, сан мыңдаған шәкірттер мен жас мамандарды тәрбиелеуде өз бақытын еңбектен тапқан ұлағатты ұстаз. Ұстазымыздың білім саласын жандандыруға қосқан өлшеусіз еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағаланды. Алған мақтау, марапат, алғыс хаттарын тізетін болсақ, өз алдына бір төбе. Бірақ, адамның адамшылығы марапат қағазымен ғана өлшенбек емес, адамды одан да биік етіп, қосымша көрік беріп тұратын – адами қасиеттері, игілікті істері болмақ.

Алтынгүл Айтқазықызының жүзінен шуақ, сөздерінен жылылық төгіліп тұрған ұлағатты мамандық иесі, өнегелі өмірі мен еселі еңбегінің арқасында айналасына қадірлі ұстаздың жетістіктерін айтып өтсем.

2002 жылы қалалық және облыстық «Үздік тарих пәні мұғалімі» сайысында бас жүлдені, ал республикалық «Жыл мұғалімі – 2003» сайысында номинация иегері атанған. 2015 және 2017 жылдары Қазақстан тарихы пәні бойынша республикалық интернет олимпиадаларынан I жүлделі орынды иеленген. 2013-2015 жылдары облыстық білім саласындағы бақылау департаментінің шақыруымен облыс аудандарында мемлекеттік аттестациялық комиссия мүшесі болды. 2016 жылы республикалық «Оқулық» орталығында 7-8-сыныптарға арналған оқулықтар экспертизасына қатысып, ҚР БҒМ білім саласындағы бақылау комитетінің Алғыс хатына ие болған. Ұлттық тест Орталығының тест тапсырмаларын құрастырушы, әрі сарапшысы болып табылады. 2013 және 2016 жж ҰБТ, ал 2014 жылы ТКТ сынағына байланысты құрылған Республикалық Апелляциялық Комиссия мүшесі. 2013, 2015, 2017, 2018, 2019, 2020, 2021 жылдары ҰБТ

сынағына арналған тест тапсырмаларын құрастыруға, ал 2016 жылы қазан айында ОЖСБ сынағына арналған тест тапсырмаларын, қараша айында ҰБТ сынағының тест тапсырмаларын сараптауға қатысты.

2020 жылы ҚР білім және ғылым министрінің Алғыс Хатымен марапатталған. Сонымен қатар шәкірттері республикалық, халықаралық олимпиада, конкурстардың жеңімпаздары.

Әрине, кімнің де болмасын, жалпы адамзат баласының өлшеулі өмірі нәтиже беруді талап етеді. Бұл кез келген істің басты критерийі болмақ. Өмірде тындырған әр ісін нәтиже беріп жатса, бұл да өмірдің сыйы емес пе?! Ой салып қараған жанға бұл жолдар – бір адамның тағдыры, өмір тармағы, қайғысы мен қуанышы қатарласа жүретін батпандай бағы дер едім. Кавказ халқында «Тауға жақындаған сайын оның биіктігін түсінесің»-деген мәтел бар.

Ол – Алтынгүл Айтқазықызына қатысты айтылғандай, өйткені, сол тау секілді өміріне үңілген пендеге биіктей түсетіндей. Оны сіз бен біз жақсы білеміз. Қастерлейміз, құрмет тұтамыз және мақтан етеміз!

Алтынгүл Айтқазықызы ұлағатты ұстаз ғана емес, мол тәжірибесін әріптестерімен бөлісе білген тағылымды жан. Өз ісінің білгірі ретінде өзгеден көмегін еш аяған емес.

Сөзімді қорытындылай келе, өзінің шәкірттеріне еңбектеніп, тер төгіп, адал жолмен табыс табу қабілетін дарыта алатын мұғалім өте үлкен құрметке бөленуге тиіс. Ендеше, жақсының жақсылығын айтып, нұрын тасытқанға не жетсін...

## ҚАЗАҚ МЕКТЕБІНІҢ ІРГЕСІН ҚАЛАУШЫ

Балым СТАМБЕКОВА

«Т. Аманов атындағы

№16 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

әлеуметтік педагог және информатика пәнінің мұғалімі

Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, Қазақстан

**Ұ**стаз болашақтың алтын көпірі, тірегі мен жүрегі екені алашқа аян. Ұрпақтың ұлы болуы, заман талабымен білім арнасына қосылып, өмір белесін бағындыру – тікелей ұлағатты ұстазбен ұштасып сабақтасатыны хақ. Шәкіртті қия-шынға шарықтататын да, білімнің қайнар көзімен сусындатып, жастардың ұшқыр ойына ұтымды сөз қосатын да – ұлы ұстаз.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», – деп даңқы төске өрлеген Абай атамыз айтқандай, ұстаздық жол – бекемдік пен білімділік-

ті қажет  
шәкіртті  
рих пен  
разылап  
«Төл  
пы орта  
директор  
1902 жы  
кент ауы  
сы, Змен  
ге келген  
талпынға  
жылы С  
түседі. О  
1920  
дәуірі, ж  
арасында  
жатқан  
те, тапш  
жылдары  
айқасқа  
дінгектер  
келген Н  
Бұл т  
естісе, бі  
көрініп о  
жылдары  
шіліктен  
билік тағ  
дер арасы  
топ-топ  
орайда ж  
дегі түрл  
Нұры  
мектепте  
Міне, осы  
зақ жаста  
теріп, оқ  
білімін ж

ті қажет ететін даңғыл жол. Мұғалім саналы шәкіртті ұядан баптап ұшыру үшін терең тарих пен кемел келешекті ойлап, санамен таразылап білім бергені абзал.

«Төлеубай Аманов атындағы №16 жалпы орта білім беретін мектептің» алғашқы директоры Нұрымхан Омарұлы Тұрғанбаев 1902 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Жезкент ауылында (сол кездегі Барнаул губерниясы, Зменогорск уезді Ремовка ауылы) дүниеге келген. Қарапайым жанұяда өскен, білімге талпынған қазақ баласы мектеп бітіріп, 1917 жылы Семей педагогикалық училищесіне түседі. Осы оқу орнын бітіргеннен кейін...



1920-30 жылдары аласапыран арпалыс дәуірі, жаңа құрылыс пен ескінің қалдықтар арасындағы өліспей беріспес күрес жүріп жатқан қиын кез болатын. Қазақ жерінде жүзшілдік пен жікшілдік те, тапшылық пен топшылдық та, жершілдік пен рушылдық та осы жылдары кең құлаш жайған. Осы содырлы, сойқанды алыс-жұлыс айқасқа мемлекет, қоғам қайраткерлері де әдебиет, мәдениеттің алтын діңгектері де тартылған. Сол арпалысқа азаматтық өмірімен тұспа-тұс келген Нұрымхан Омарұлы Тұрғанбаев та араласты.

Бұл талас-тартыста ол бірде жықты, бірде жығылды, бірде жақтау сөз естісе, бірде даттау сөз естіген. Бірақ көп ретте ерлік танытып, биіктен көрініп отырған. «Өмір – күрес» деген емес пе. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында-ақ жаңа заман, жаңа тұрмысқа жанаса кетіп, қоғамдық тіршіліктен өз орнын алып, өз сыбағасын қарпып алу үшін, басқадан бұрын билік тағына отырып, атқа мініп, тізгінге ие болу үшін әр жерде-ақ, өкімдер арасында-ақ талас тартыс күшейген тұс. Ауыл-ауыл болып айтысып, топ-топ болып тартысып, жік-жік болып, жәукемдесу етек алды. Бұл орайда жеңгендер қағынған, жеңілгендер жоғарыға шағынған. Сол кездегі түрлі баспасөзге жазып, ел дүрліктірген де табылған...

Нұрымхан Омарұлы «байдың тұқымы, ол кедей балаларына қоса мектепте байдың тұқымдарын да оқытуда», – деген жала жабылды. Міне, осылайша 1920-1925 жылдар аралығында Семей қаласында қазақ жастары үшін №16 қырғыз (қазақ) бастауыш мектебінің іргесін көтеріп, оқимын, білім аламын деген қазақ балаларын оқуға тартып, бар білімін жастарға берген, сол мектептің тұңғыш басшысы болған ұстаз



*Мектептің тұңғыш директоры,  
Алаш партиясының мүшесі,  
Ұлы Отан соғысының  
қан майданында қаза тапқан  
Нұрымхан Омарұлы  
Тұрғанбаев  
(1902-1943)*



Нұрымхан Омарұлы Тұрғанбаев жалған жала тағылып, қудалауға түседі. Өзін ақтау үшін бармаған жері, баспаған тауы қалмайды... Білімін жетілдіруіне байланысты 1926 жылы Ленинградтың «Рабфагіне» түсіп, «экономист» мамандығын игереді. Оқуын үздік бітіріп, 1928 жылдан бастап еліне оралған жаңа маман иесі Зайсан, Қарқаралы, Қарағанды қалаларында жұмыс атқарады.

1937 жылы оны ату жазасына да кесіп жібереді. Абырой болғанда жақын достары араша түседі. Сөйтіп, ол жазасынан құтылғанымен, жер аударылып кете барады. Содан көрмегенді көріп, бейнет құшағында жүргенде өз еңбегі, адалдығымен көзге түсіп 1942 жылы өз еркімен соғысқа аттанады. Неміс-фашист басқыншыларымен шайқасты Сталинград түбінде бастаған, Курск доғасындағы қанды қырғында хабарсыз кетеді.



www.kazmektap.kz

Бүкіл С...  
колынан ж...  
да Нұрымх...  
малы, өзіне...  
қазіргі жез...  
соң, тақыр...  
еш өкпелен...  
дағы алға...  
көрсеткен.



Семі...

Нұрым...  
ханұлы Тұ...  
сәтте мағы...  
калып қала...  
кездескен...  
ға Болат де...  
сы осы ме...  
немересі. I...  
осы мекте...  
университе...  
немересі Т...



Бүкіл Семей өңіріне белгілі Нұртаза Мәшпиевті, Сәду Машақовты қолынан жетектеп апарып, мектеп партасына отырғызған екен. Шынында Нұрымхан Омарұлы Тұрғанбаевтың атасы Тұрғанбай атаның аздаған малы, өзіне бекітіліп берген жері болған. Сол кездегі Тұрғанбайдың жері қазіргі жез қазып алып жүрген Жезкент көрінеді. Кеңес үкіметі орнаған соң, тақыр кедейге айналған екен. Бар байлығын үкімет тартып алды деп еш өкпелеген емес екен. Қайта сол қысталаң жылдары ұстаз осы қаладағы алғаш құрылған жетім балалар үйіне де қолдан келгенше көмек көрсеткен.



*Семейдегі №16 қазақ мектебінің тұңғыш директоры Нұрымхан Омарұлы және оның жалғыз ұлы Болат (солдан оңға қарай)*

Нұрымхан Омарұлы Тұрғанбаевтың жалғыз ұлы Болат Нұрымханұлы Тұрғанбаев №16 мектептің алғашқы түлегі. Адам дүниеге келген сәтте мағынасы кейінгі ғұмырында өзіндік әсері болатыны кейде байқалып қалады. Сәбидің әкесі мен шешесі шыр етіп өмір есігін ашқанда кездескен қиындыққа мойымайтын, болаттай берік болсын деп атамызға Болат деп ат берген екен... Болат атаның төрт баласы бар. Төрт баласы осы мектептің түлектері. Болат атаның алты немересі бар. Ең үлкен немересі, Нұрымхан атаның шөбересі Мусаханова Айжан Ермекқызы осы мектепте оқыды және ол қазіргі таңда Семей мемлекеттік медицина университетінде аға оқытушы болып жұмыс істеуде. Нұрымхан атаның немересі Тургамбаева Гульнара Булатовна «Төлеубай Аманов атындағы

№16 жалпы орта білім беретін мектептің» математика пәні мұғалімі болып жұмыс істеуде. Гульнара Булатқызының ұлы Стамбеков Еркебұлан Бейбутұлы осы мектептің 2008 жылғы түлегі және қазір білім саласында қызмет атқарады. Гульнара Булатовна жұбайымен Стамбеков Бейбут Берлибекұлымен үш немеренің ата апасы. Нұрымхан атаның ұрпағы осы мектептің қабырғасында білім алып, қазіргі уақытта немересі, шөбересі еңбек етіп, шөпшегі осы мектептің 2 сынып оқушысы Стамбеков Ералы білім алуда.

Ұрпақтар сабақтастығының жалғасуы, немересі Гүлнара Булатқызының осы қадірлі әрі қасиетті мектепте математика пәні мұғалімі ретінде өз жұмысы бойынша істеуі болса, ал шөбересінің осы атасының жұмыс істеген мектебін оқып бітіргені және қазіргі таңда шөпшегі осы қара шаңырақта оқып жатқаны нұр үстіне нұр әрі мақтаныш сезім. Ал бүгінгі күні де шөбере келіні сол мектептегі жас ұрпақты тәрбиелеуге өз үлесін қосып, шөпшегі осы мектептің табалдырығын аттап отыр. Міне, осындай ұрпақ сабақтастығыменен ұлағатты ұстаздық мамандығын жалғастыру бір ғанибет.

## ПСИХОЛОГИЯ ӨМІРІНДЕ ЖӘНЕ КӘСІБІНДЕ ДЕ...

Дина САДВАКАСОВА

«Т. Аманов атындағы

№16 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

мектебінің педагог-психологі,

өзін-өзі тану пәні мұғалімі

Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, Қазақстан

**Б**үгінде өсіп келе жатқан жас ұрпақты тәрбиелеуде алға қойған мақсаттың бірі – қоғамға саналы, көзі ашық, жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу және қоғамға қалыптастыру. Сол жас буынның білімді де, адамгершілігі мол жеке тұлға етіп қалыптастыру – ең үлкен міндет деп білеміз. Ал білімді меңгеру үшін тәрбиенің қалыптасуы керек. Мейірім мен махаббатқа толы ортада өскен ұрпақтың болашағы да жарқын болады. Сондықтан қазіргі жаһандану заманында көптеген ғылым атаулысы дамып жатқаны мәлім. Ол да – заманның сұрауы. Соның бірі – психология яғни жантану ғылымы. Бұл мамандықтың орны зор және адамзат баласына қажетті ілімнің бірі. Психология-біздің өміріміз, үздіксіз сырлы әлем. Осы мамандықтың қыр сырын жете түсініп, құпиясын аша білген білікті де, білімді маман иесі – әріптесім Торсықбаева Гульназ Жуманқызы деп білемін.

мұғалімі бо-  
з Еркебұлан  
ім саласын-  
іеков Бейбут  
ұрпағы осы  
есі, шөбересі  
беков Ералы  
а Булатқызы-  
алімі ретінде  
ының жұмыс  
егі осы қара  
ім. Ал бүгінгі  
еуге өз үлесін  
). Міне, осын-  
ығын жалғас-

## НДЕ ДЕ...

лға койған мақ-  
жакты дамыған  
буынның білімді  
ен үлкен міндет  
ісуы керек. Мей-  
шағы да жарқын  
еген ғылым атау-  
Соның бірі – пси-  
ы зор және адам-  
өміріміз, үздіксіз  
іп, құпиясын аша  
баева Гульназ Жу-

Торсыкбаева Гульназ Жуманқызы 1974 жылдың 16 желтоқсанда Ақсуат ауданы, Жәңтікей аулында дүниеге келген. Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы педагогикалық институтының педагогика және психология мамандығы бойынша аяқтаған. Қазіргі уақытта 2005 жылдан бастап 100 жылдық тарихы бар ШҚО білім басқармасы Семей қаласы бойынша білім бөлімінің Төлеубай Аманов атындағы №16 жалпы орта білім беретін мектебінде педагог-психолог, өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі қызметін атқаруда. Отбасында адал жар, екі баланың анасы, сүйікті немересінің аяулы әжесі.



Гульназ Жуманқызы 2006-2019 жылдар аралығында қалалық педагог-психологтарының әдістемелік бірлестік жетекшісі болды. Осы уақыт аралығында әріптестерімен қызметтес болып, өз тәжірибесін қалалық, облыстық, республикалық деңгейде тарата білген маман. Қажымас еңбегінің жемісі қалалық, облыстық, білім бөлімдерінің алғыс хаттарымен, грамоталарымен толысып жатты.

Іс-тәжірибесін қалалық, облыстық, республикалық деңгейде көрсете білді. Қалалық, облыстық, республикалық баспа беттеріне мақалаларын жариялаған. 2015 жылы «Үздік жыл психологының» қалалық, облыстық, республикалық кезеңінің жүлдегері. 2020 жылы Республикалық «Үздік психолог» төсбелгісімен марапатталды. Шығыс Қазақстан облысы бойынша педагог-психологтар Ассоциясының мүшесі. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі Республикалық ғылыми практикалық білім мазмұнын сараптау орталығы «Білім беру сапасын дамытуға қосқан үлесі және оқулықтар мен әдістемелік кешендерге сынақ жүргізуге қатысқаны үшін» Алғыс хатпен марапатталды. 2017 жылы «Ұлтымыздың бүгіні мен ертеңі білімді ұрпақ қолында» атты республикалық педагогикалық конференцияда жаңартылған білім бағдарламасын пайдалану мен дамыту аясында өз біліктілігі мен білімділігін танытқаны үшін «Мақтау қағазы» және «Ұлағатты Ұстаз» төсбелгісімен марапатталды. 2018 жылы Білім саласының дамуына үлес қосып, республикалық ұстаздар сайтында белсенділік көрсеткені үшін «Құрмет грамотасымен», «USTAZ tilegi» «Өрлеу» Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы «Оқушыларды республикалық олимпиадаға дайындағаны үшін» Алғыс ха-

тымен, I Республикалық «Үздік педагог» педагогика олимпиадасы II дәрежелі дипломмен марапатталды. 2019 жылы NIS Облыстық ғылыми-тәжірибелік семинарда тәжірибесімен бөліскені үшін дипломын иеленді. NIS «Зерттеу жасап, өзінді дамыт!» атты аймақтық конференцияға қатысып, өз тәжірибесімен бөлісті.

Ұстаздың білімі әрқашан ізденіс үстінде болтыны рас. «Адам жанын түсіне білу, оны зерттей білу – үлкен өнер» деген австриялық психолог З. Фрейд.

Өзі таңдаған мамандығының қырларын шешуде зерттеулер жүргізіп, бағдарламалар дайындаған.

Гүлназ Жуманқызы қала, облыс және халықаралық деңгейдегі ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, өз тәжірибесімен бөлісті. 2021 жылы «Адамның үйлесімді дамуы Ұлттық институты мен бірлесе жұмыс жасап, өзін-өзі тану сабақ жоспарын lessons.ozin-ozin-tanu.kz сабақ банкінде жариялады. 2021 жылы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі «Оқулық» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы мен бірлесе жұмыс жасап, Алғыс хатпен марапатталды.

«Ұстаздан шәкірт озса игі» демекші Гульназ Жуманқызының шәкірттері де, пәндік олимпиадаладың қалалық, облыстық, республикалық кезеңдерінің жеңімпаздары.

Кәсіби білімді игеріп, оны өз ортасына сіңіре беру – үлкен іс. Мектеп педагог-психологтары қатарына келген әр жас маманға қолдау көрсетіп, осы қызметтің бағытын үйрете білген тәжірибелі маман. Әрқашан айналасына көтеріңкі көңіл-күй сыйлау арқылы шығармашылық ой-қиялдарына шабыт беру – психологтың күнделікті жақсы көріп айналысатын ісі. Әр жанның ішкі әлеміне жол салатын, бойындағы тұнғыық әлемі мен шығармашылығын ашатын да, осы маман иесі деп білемін. Гульназ Жуманқызы ұжымда беделді, өз ортасына сыйлы, еңбекқор, шығармашыл ұстаз. Кез келген жұмыстың нәтижелі болуы, мамандықты ұнатып таңдап, сол мамандыққа деген қызығушылықтың мықты болуында деп түсінемін. Балаға ата-анадан кейінгі ақыл-ой, рухани сананы сіңіруші жан.

Мен Гулназ Жуманқызын өз ісінің шебері және өз уақытын аямай, шәкірттерінің жанына нұр құя білген, мейірімін төгетін ұстаз деп білемін.

## КІТАП ОҚУ – РУХАНИ КЕМЕЛДЕНУДІҢ КӨЗІ

Мирамгул НАБИДОЛЛАЕВА

Ш. Смаханұлы атындағы №62 гимназия директоры

Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Қазақстан

**«Ш»**ын мәнінде, кітап оқу – рухани кемелденудің көзі десем артық емес. Қазіргі уақыт – секунд сайын жанарған ақпарат заманы. Жалған деректің, шындыққа жанаспайтын қауесеттердің де тез тарап жатқанын көріп отырмыз. Сондықтан, мұндай жағдайға мейлінше жол бермеу үшін алтын уақытымызды осындай пайдалы істерге жұмсағанымыз жөн», – деп жазған еді өз инстаграм парақшасында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы өз сөзінде кітап оқу арқылы әлемге деген қызығушылық мектеп қабырғасынан қалыптасуы тиіс екенін айрықша атап айтқаны баршаға аян. Бұл тапсырманы орындау үшін ҚР Білім және ғылым министрлігі орта білім саласында «Оқуға құштар мектеп» жобасын қолға алды.

Бұл жоба оқушылардың, кітапханашылардың, ата-аналардың арасында оқу сауаттылығын қалыптастыру мен жетілдіруге, оқу мәдениетінің деңгейін арттыруға және оқуды насихаттауға бағытталған.


### КІТАП ЖАЙЛЫ

#### ◆ СІЗ БІЛМЕГЕН ДЕРЕКТЕ

Әлемдегі ең қымбат кітап – «Лестер кодексі» деп атал Леонардо да Винчидың ғылыми трактаты. «Жер, су, денелеріне» арнап жазған бұл ғылым туындының бүтінгі Билл Гейтс. Жиырма төрт миллион тұратын кітапты тек арқылы оқуға болалы екен. Себебі кітап кері басылған.

Гавана халықаралық кітап көрмесінде ең үлкен ұсынылды. Бұл кітап әлемге әйгілі ойшылардың жинағы ретінде құрастырылған. Ұзындығы 380 сантиметрге созылса, биіктігі сантиметрге жетеді.

Кітап үшін ең көп қаламақы төлеген – Марк Аврелий есімді императоры. Оппан есімді ақынға балық аулау мен аңшы жайындағы поэмасындағы әр жол үшін бір алтын тиіс төлеген. Екі поэма жиырма мың жолдан тұралы екен.



Осыған байланысты Алматы қаласы, Алмалы ауданы Ш. Смаханұлы атындағы №62 гимназия оқушылары арасында «Шабыт» оқырмандар клубы құрылды. Оқырмандар клубының мүшелерінің саны күннен-күнге көбеюде. Жылдық жоспар

жасалып, әр апта сайын оқырмандар конференциясы өткізілуде. Оқырмандарды кітап оқу өнеріне, дүниетанымын кеңейтуге, көркем шығармалардың тамашалығын сезінуге, оқығандарын дұрыс бағалай алуға, оқыған кітаптары жайлы бір-біріне айтып, қызықтыруға, өмірде, еңбекте, оқуда кітапты пайдалануға баулуды мақсат тұттық.

Гимназия кітапханасының меңгерушісі Н. Сегізбаева мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі С. Қайыпжанқызының ұйымдастыруымен «3 минутта 1 кітап» айдары бойынша «Менің сүйікті кітабым» атты оқырмандар конференциясы өткізілді.

Гимназиямыздың әрбір шәкірті қазіргі заманға сай білімді, мәдениетті, өнерлі болуы қажет. Ол үшін терең білім, ғылым жаңалықтарын, өткен тарихымызды өнерімізді білу үшін кітапты көп оқуымыз керек. Осыған орай оқыған кітабын 3 минутта қызықтыра баяндап беру клуб мүшелеріне тапсырылды. Атап айтар болсам, 10-сынып оқушылары: Суйнбек Анеля Ш. Айтматовтың «Жәмила» повесі, Дюсенбек Ақтілек Ә. Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» романы, Рахманкулова Айтолқын Джейн Остиннің «Эмма» романы, Турап Томирис Ш. Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесі, Болатбек Жанерке Дэниел Киздің «Элджеронға арналған гүл» романы, Суйнбек Анеля С. Мұратбеков «Жусан иісі» әңгімесі, Ақберген Ару Джордж Орэллдің «1984» роман -антиутопия шығармасы, Кулетова Айназия Александр Дюманың «Граф Монте-Кристо» романы, 11-сынып оқушысы Бодаубаева Мөлдір М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы «Қайтқанда» тарауы, 6-сынып оқушылары Ерхалым Кәусар О. Бөкейдің «Тортай мінер ақ бозат», Балғабек Әмина С. Мұратбековтің «Жусан иісі» шығармаларын 3 минутта анимация арқылы қысқаша мазмұнын шеберлікпен баяндап берді. Көрермендер ықыласпен тындап, өз бағалауларын беріп өтті.

Бір  
яға қат  
шеберл  
зығушы  
әлеміне  
пен жап  
Осы  
су мақс  
наурыз  
деген к  
нар өтк  
Әр апта  
лас, аш  
Гим  
кітапха  
рын QR  
АҚ  
оқуды  
сыз әде  
кітап де  
дағдыға



байланысты  
тасы, Алма-  
Ш. Смахан-  
дағы №62  
оқушылары  
«Шабыт»  
клубы құ-  
Оқырмандар  
мүшелерінің  
ен-күнге кө-  
ндық жоспар  
луде. Оқыр-  
ркем шығар-  
ғалай алуға,  
мірде, еңбек-

мен казак тілі  
дастыруымен  
м» атты оқы-


лімді, мәде-  
налықтарын,  
уымыз керек.  
апа беру клуб  
оқушылары:  
сенбек Акті-  
дар» романы,  
маны, Турап  
тбек Жанерке  
йнек Аналя  
рдж Орэллдің  
ия Александр  
ып оқушысы  
ман-эпопеясы  
ар О. Бөкейдің  
овтің «Жусан  
аша мазмұнын  
н тындап, өз

Бір кітапта айтылар ойды небары 3 минутқа сыйғызып, конференцияға қатысушыларға қашықтан бейнебаян арқылы түсіндіргендері нағыз шеберлік. Олардың танымдық қабілеттері мен кітап оқуға деген қызығушылықтары жоғары деңгейде екені байқалды. Оқушылардың кітап әлеміне еніп, ондағы әрбір оқиғадан, әрбір кейіпкердің бойынан ізгілік пен жақсылық таба білгендері қуанарлық жай.

Осы өткізілген іс-шараны қала мұғалімдері арасында тәжірибе алмасу мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі С. Қайыпжанқызы наурыз айында «Қашықтан оқыту жағдайында оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырудың ерекшеліктері» тақырыбында вебинар өткізді. Қала мұғалімдері тарапынан тек жақсы пікірлер білдірілді. Әр апта сайын оқылған шығармалар бойынша дөңгелек үстел, пікірталас, ашық алаңдар ұйымдастырылуда.

Гимназияда «Оқуға құштар мектеп» жобасына арналған мобильді кітапхана жасалынды. Оқушылардың өздері іздеп жүрген шығармаларын QR – кодымен жүктеп алып, оқи беруге жағдай жасалып отыр.

АҚШ кітаптанушыларының зерттеуі бойынша, 10 жасқа дейін кітап оқуды қалыптастырған бала түрмеге түсу, нашақор болу секілді жағымсыз әдеттерге баруы екіталай деген қорытынды жасаған екен. Сондықтан кітап деген-ең сабырлы ұстазды өзімізге де, ұрпағымызға да дос тұтуды дағдыға айналдырайық!



## ӨМІРДІ ТОЛҒАҒАН ҚАЛАМҒЕР

Үлмекен УЖРАЕВА

С. Бәйішев атындағы облыстық

әмбебап ғылыми кітапханасының қызметкері

Ақтөбе облысы, Қазақстан

**Ж**уырда Сактаған Бәйішев атындағы әмбебап ғылыми кітапханасында белгілі жазушы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Құрал Токмырзиннің туғанына 85 жыл толуына орай «Өмірді толғаған қаламгер» атты әдеби кеш өткізілді.


Әдебиетте тура қайнаған еңбектен, әдеби ортаға қабілетін көрсете отырып асықпай келген Құрал Токмырзин бүгінде оннан астам прозалық кітаптары баспадан шыққан, оқырманға танылған жазушылардың қатарында.

Әдеби кеш барысында Қазақстанның құрметті журналисі Аманқос Орынғалиұлы: «Құрал Токмырзин ел ішінде жүрген талант. Алғашқы өлеңдері аудандық газетте жарияланды. Өмір жолында қиын қыстау заманда өз тағдырын өз қолымен жасап, ерен еңбегінің арқасында жазушылық қабілетін шыңдай отырып, елге өзін таныта, мойындата білген қаламгер», – деп оқырман қауыммен ой бөлісті.

Әдебиет атаулының көкейкесті мәлелелерінің бірі қашанда осы өзі сүріп отырған уақыттың аяқ алысын, өз замандастарының бет-



кітапхана-  
ын мүшесі  
і толғаған  
ін көрсете  
гам проза-  
пылардың  
і Аманқос  
Алғашқы  
ін қыстау  
рқасында  
ойындата  
анда осы  
ның бет-



[www.kazmektap.kz](http://www.kazmektap.kz)

бейнесін көркем әдебиетте бейнелеуге құлшыныс, ол әр қаламгердің мұраты, арман-мақсаты десек, жазушы Құрал Токмырзин замандас бейнесін, оның сезімдерінің ішкі иірімдерін, білімін, адамгершілігін, парасатын, интеллектуалдылығын шығармаларында айқындап берген нағыз өз уақытының бел баласы, – деп ҚР Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі Нұрлыбек Қалауов айтып өтті. Жазушының ұлы Ерген Токмырзаұлы әке бейнесін еске ала отырып, балалық шағымен ой бөлісе, алдағы уақытта қолжазбаларды жинақтап кітап шығару жоспарында екенін айтып өтті.

Құрал Токмырзин «Әулие Әжібай бабаның тілегі» облыстық Халық Шығармашылық үйінің қызметкері Айкенже Жақсыбайқызы мәнерлеп оқыды. «Ата баба рухын асқақтатқан» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолуын – Сақтаған Бәйішев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының өлкетану бөлімінің кітапханашысы Ұлмекен Қалдыбайқызы таныстырып өтті.

Сақтаған Бәйішев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Раймбаева Құралай Серікқызы жазушы, журналист Құрал Токмырзиннің шығармашылығына арналған «Өмірді толғаған қаламгер» атты әдеби кешті қорытындылап, келген қонақтарға шексіз алғысын білдірді.



## ҚҰЛАҚТАН КІРІП БОЙДЫ АЛАР

Клара ҚАРАЖАНОВА

40-орта мектеп кітапханасы

Атырау қаласы, Қазақстан

**А**байдың ұлы кеменгер ақын екендігін насихаттау, Абай шығармашылығын өлең әндерін оқыту арқылы оқу-білімге құштарлықты арттыру мақсатында слайд, цитаталармен, өмірінен бейне сюжеттермен әрленіп, сазды әндерінен тыңдалып, кітап көрмесінде библиографиялық шолу жасалды.

Білім алушылардың бойына ақыл мен парасат, сөз құдіреті мен көркем сөздің мәйегін сіңдіру; шешендік сөзге тәрбиелеу, ұлыларымызды құрметтеу, сол арқылы бойына мақтаныш сезімін тудыру, даналардың даралығын бағалау, қастерлей білуге баулу мақсатында ұлы ақынға арналған кеш өткізілді.

Қазақтың ұлы, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, данышпан-ойшыл ұлы Абайдың туғанына 177 жыл. Айтулы күнді мерекелеу 2020 жылы үкімет қаулысымен Абайдың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында ресми түрде енгізілді.

Абай Құнанбайұлының өмір жолынан библиографиялық шолу өткізіліп, 4-10 сыныптардың оқушы-оқырмандары Абай шығармаларын, қара сөздерін нақышына келтіре орындады.

*Сүйсінемін жазғанын оқығанда,  
Абай сөзі – бағдаршам оқырманға.*

*Адасатын адамдар болмас еді,  
Абай ойын кеудеге тоқығанда.*

*Ол жалғыз ақындықты меңгермеген,  
Ақылына еш мықты тең келмеген.*

*Ресей елі Пушкинмен қатар қойып,  
Ескерткішке жай барып сенделмеген.*

Байқасаңыз, Абай әр ғылым саласынан білімі болған, әрі осындай жан-жақты ілімді іздеп, адами құндылықтарды бойына сіңіре білген. Егер хәкім Абайды толық танығымыз келсе, осы авторлардың өмірбаянына, шығармашылығына тыңғылықты түрде талдау жасауға тиіспіз. Ақын нәр алған үш қайнардың бірі батыс әдебиеті шетел әдебиеті десек, мұндай кітаптардың Абайтану ғылымында маңызы жоғары екенін көреміз.

Кітап – адам көкжиегінің кеңейтіп, ой-санасын жаңа деңгейге көтеретіні анық. Қараңғылық пен надандықтан құтқаратын бірден бір маңызды құрал да – осы білімде жатыр.

Қазақтың өз бетінен оқып, ізденген талап болса, әуелі көкіректі тазалау керек.

Абай Ибраһим Құнанбайұлы 1845 жылы Шығыс Қазақстан облысында Шыңғыстауда туған. Абайдың арғы тегі Орта жүз Тобықты Арғын ішіндегі Олжай батырдан басталады. Бала Абай әжесі Зеренің таусылмайтын аңыз ертегілері мен сөзге шебер анасы Ұлжанның тәрбиесін көріп өскен. Әуелі Абай әкесі өз туыстарының балаларын оқытамын деп «Ескітам» деген қоныста салдыртқан медреседе сауат ашты. Одан кейін ауылдағы Ғабитхан молдадан білім алды. Ал 10 жасқа толғанда Семейдегі Ахмет Риза медресесінде үш жыл оқыды. Сол жерде араб, парсы тілдерін меңгеріп шыққан. Осы үш жылда алған білім Абайға өмірлік азық болды. Осылайша ауылға әкесінің шақыруымен оралған Абай 13 жасынан бастап ел басқару ісіне араласты.

Абайдың шығармашылығына келер болсақ, ұлы ақын алғашқы өлеңін 10 жасында жазған. Ол қазақ өлеңіне шалыс ұйқас, ерікті ұйқасты енгізіп қана қоймай, «Қансонарда», «Сегіз аяқ», «Қалын елім, қазағым, қайран жұртым» секілді мазмұны мәнін жоғалтпайтын өлеңдер жазды.

Сондай-ақ Александр Пушкиннің «Евгений Онегин» шығармасынан «Татьянаның хатын» және «Ленскийдің сөзін», Михаил Лермонтовтың «Ой, «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», «Қанжар», «Теректің сыйы» және тағы басқа өлеңдерін қазақ тілінде сөйлетті.

Абайдың артында 176 өлеңі, 3 поэмасы, 45 ғақлия қара сөзі қалды.

Абай өз ғұмырының ақырына дейін қазақ балаларын оқуға, білім-ғылыммен айналысуға, рухани дамуға және әлемдік мәдениеттің құндылықтарын бойға жинауға шақырғанын білеміз. Жат мінез-құлықтан аулақ болудың нақты жолдарын меңзейді.



«Құл  
қор қылат  
Сонан қаш  
надандық,  
шектік, үш  
деп білесін  
ұлы ғұлам  
Ұлы ба  
қын қара  
уын бұзып  
дің шуағын  
мен мұрат  
Ұлы А  
делген шы  
маларын бі  
«Өлең  
шығармаш

«Құлақ  
әндерін айт  
теп кітапха



«Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің», – деп толғайды ұлы ғұлама.

Ұлы бабамыз туған халқын қараңғылықтың бұғауын бұзып, жарқын күндердің шуағына бөленетін жолдарды іздестіруге шақырды, тіршілік мақсаты мен мұраты ілім мен ғылымда деген берік тоқтамға келді.

Ұлы Абайдың әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерге негізделген шығармашылығы- халқымыздың рухани қазынасы. Абай шығармаларын біздің елден тыс жерлерде де кеңінен насихаттау қажет.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» мектеп оқушыларының Абай шығармашылығынан көркемсөз оқулары.

*Әсем әннен ләззатты үн шығар,  
Ойы сергек жан оны ұғар.  
Бар сезіміңді қозғап ән-күйге,  
Жастар, тілімді ал боп құмар.*

«Құлақтан кіріп бойды алар» Абай шығармаларын оқып, тыңдап, әндерін айтып өз ойларын ортаға салып, ой бөліскен баршаңызға 40-мектеп кітапханасы атынан алғыс білдіреміз.



## МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Мақала мазмұны журналдың тақырыптық бағыттарына және ғылыми деңгейіне сәйкес келуі және белгілі бір жанашылдығы болуы және ғылыми қызметкерлер, оқытушылар, педагогтер үшін қызығушылық тудыруы тиіс. Мақалалар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жарияланады.

2. Мақала көлемі 3 беттен кем емес және 7 беттен аспауы керек, шрифт – Times New Roman – 14, интервал – 1,5.

3. Мақала басында элеуметтік ондық жүйе (ӘОЖ-УДК) индексін көрсету қажет. Мақаланың тақырыбы, автордың аты-жөні, автордың жұмыс орны, атқаратын қызметі көрсетіледі. Соңында автордың мекенжайы мен ұялы телефоны жазылады. Мұғалімдердің журналға жазылған түбіртек көшірмелері электронды пошта немесе «Казпошта» арқылы жолданады. Ғылыми-зерттеу мақалалары ізденушімен бірге ғылыми жетекші авторлығымен немесе пікірімен, электронды нұсқасы және телемақы түбіртегі көшірмесімен жіберіледі.

4. Аннотация жұмыстың мақсатын, оны жүргізудің әдісі мен әдістемесін, жұмыстың қысқаша нәтижелерін, оларды пайдалану аумағын, қорытындыларды көрсетуі тиіс. Мақалаға берілетін аннотациялар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде болуы керек.

5. Мақалаларға қазақ, орыс, ағылшын тілінде түйін-резюме-summary берілуі керек. Түйін сөздер көрсетіліп, олар кіші әріппен үтір арқылы жазылады және 5 сөзден аспауы қажет.

6. Әдебиеттер тізімі мынадай ретпен беріледі: авторы, аталуы, басылып шыққан мекені, баспасы, жарық көрген жылы. Шетел тіліндегі әдебиеттер отандық басылмалардан кейін жазылады. Мәтіндегі сілтемелер – шаршы жақшаларда орындалады. Әдебиет көздері мәтінде дәйектеу ретімен көрсетіледі. Әдебиеттер тізіміндегі барлық әдебиет көздеріне мәтінде сілтемелер жасалуы шарт.

7. Жеке файлда мақалаға фотосуреттер мен автор туралы мәліметтер қосымша ретінде беріледі: мақала атауы, аты-жөні, жұмыс орнының – ұйымның толық атауы және мекенжайы, лауазымы, байланыс телефоны, электронды пошта. Авторлық фотосуреттер түрлі-түсті, жоғары сапалы (айқын, анық) болуы тиіс. Мақалада отандық авторлардың еңбектерінде міндетті түрде сілтеме берілуі керек.

**Редакция әдеби өңдеу барысында келіп түскен мақалалардың көлемін қысқартуға құқылы. Сондай-ақ, мақаланың жазылу сапасы төмен болса және сабақ жоспары түрінде жазылса мақаланы жариялауға ұсынбауға құқылы.**

Мақалалар электронды және баспа нұсқаларда – e-mail: [kaz\\_mektep@mail.ru](mailto:kaz_mektep@mail.ru)

Редакция

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2003 жылы ақпанның 13-де тіркеліп, №3562 – ж куәлігі берілген.

Ұялы тел.:  
8 701 503 97 80 WhatsApp

Индекс 75737.  
Пішімі 70x100 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Тапсырыс 78.  
Таралымы 384.  
Бағасы келісімді.

Басуға 16.05.2022 жылы кол қойылды.

Қағазы офсеттік.  
Шартты баспа табақ 4.  
Авторлық баспа табақ 5.  
Есептік баспа табақ 7,16.

Шартты бояулы бет таңбасы 6,87.  
Журнал материалдары редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Әріп түрі Times New Roman.

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Тапсырыс дайын диапозитивтерден басылды.

Журнал ЖШС РПБК «Дәуір» баспаханасында басылды.

Қолжазба қайтарылмайды, мақалаларға пікір жазылмайды.

© «Қазақстан мектебі»

№6, 2022 ж.

## ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университетінде «Сенімен Болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігі 31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай «Ұрпақ тәрбиесі: өткені мен бүгіні» атты дөңгелек үстел ұйымдастырды. Шара аясында бірлестіктің «Асыл мұра» сериясы бойынша жарық көрген еңбектердің презентациясы өтті. Қатысушыларға Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика», Ахмет Байтұрсынұлының «Ел бүгіншіл, менікі ертенгі үшін», Міржақып Дулатұлының «Оян, казак!», Байбатыр Ержанұлының «Тұр, казак!», Абылкасым Омар Аргынидың «Жатпа, казак» еңбектері тегін таратылды.

Кітаптың жариялану мақсаты – бірлестіктің басты миссиясы Алаш арыстарының мұраларымен үйлескендіктен, «Асыл мұра» сериясы арқылы елге шыққан еңбектердің оқырманның рухын шыңдап, жігерін тасыта түсіріне сеніміміз мол. Бұл серия аясындағы асыл сөздер, халықтың сан алуан асыл мұралары – саналы ұрпақ, саналы отбасы, саналы қоғам құрып асыраудың шамшырағы деп білеміз. Шараға елімізге белгілі қоғам қайраткерлері, Алаштанушылар, БАҚ өкілдері қатысты.

## ВОСПИТАНИЕ ПОКОЛЕНИЯ: ПРОШЛОЕ И НАСТОЯЩЕЕ

В Университете КАЗГЮУ имени М.С. Нарикбаева Республиканское общественное объединение «Сенімен Болашақ» организовало круглый стол на тему: «Воспитание поколения: прошлое и настоящее», посвященный 31 мая – Дню памяти жертв политических репрессий и голода. В рамках мероприятия состоялась презентация трудов объединения по серии «Асыл мұра». Участникам были предложены труды Мағжана Жумабаева «Педагогика», Ахмета Байтұрсынова «Ел бүгіншіл, менікі ертенгі үшін», Міржақыпа Дулатұлы «Проснись, Казак!», Байбатыр Ержанұлы «Тұр, казак!», произведения Абылкасыма Омара Аргыни «Жатпа, казак».

Цель издания книги – в сочетании с главной миссией объединения – наследием Алаш арыстары, благодаря чему произведения, выпущенные в серии «Асыл мұра», способны поднять настроение и зарядить энергией читателя. В рамках этой серии мы знаем, что благородные слова, многовековое благородное наследие народа – это маяк формирования сознательного поколения, сознательной семьи, сознательного общества. В мероприятии приняли участие известные в стране общественные и государственные деятели, Алашovedы, представители СМИ.